АЛМАТЫДА «КРАМДС» корпорациясы астаналық Фрунзе ауданында жетім емес сәбилер үшін ашылғалы отырған балалар үйіне Жапониядағы «Ротари» клубының қайырымдылық акциясын тапсырды. Алматы қалалық әкімшілігінен бөлім меңгерушісі Б. С. Лихачев болды.

[Алматы Ақишамы, 30-тамыз, 1993-жыл, 1-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Д. А. Қонаев кім еді?
- 2) Ол кісі неше жаста және қашан қайтыс болды?
- 3) Д. А. Қонаевтың денесі қайда қойылды?
- 4) Бір бірімен түйісуін атап өткен кімдер?
- 5) Ашылғалы отырған балалар үйі қайда орналыспақшы?
- 6) Кім үшін ашылмақшы?
- 7) Қайырымдылық акциясы кімдікі еді?
- 8) Оны балалар үйіне кім тапсырды?
- 9) Бұл жиынға қалалық әкімшілігінен кім қатысты?

Vocabulary:

астана	threshold; capital of a country;
астаналық	(adj.) related to the capital; of the capital; the capital's
жол	way; road; line
оқиға	event; occurrence
тамыз	August
шақ	time
жасқа қара- ірі	to approach (lit.: to look at) a certain age great
қоғам	society; association
қайраткер	a person who spends his/her energy for a benefit of a society; volunteer
қоғам қайраткері	public servant
мемлекет қайраткері	a person in the service of the state; statesman
ұйым	organization;
ұйымдастыр-	to cause to organize
ұйымдастырушы	organizer; leader
ғалым	scholar
қайтыс бол-	to pass away; to die
кенеттен	suddenly; unexpectedly
марқұм	deceased
дене	body
Кеңсай	name of a place
зират	grave; cemetery
қой-	to put; to place
қойыл-	to be placed; to be put to rest (to be buried)
хош	well
хош бол!	goodbye! (lit: be well!)
кеменгер	wise; noble
ұл	son
топырақ	earth; soil
торқа	silk
торқалы	with silk; light
туннель	(< Rus.) tunnel
отряд	(< Rus.) team; group

Эхо	name of an enterprise
шағын	small
орын	place
кәсіп	trade; occupation; profession
кәсіпорын	enterprise (lit.: place of trade or business)
жұмыс	work
жұмысшы	worker
Райымбек	personal name (male)
метростанса/метростанция	(< Rus.) metrostation
электровоз	(< Rus.) electrical locomotive
депо	(< Rus.) depot
түйіс-	(with postp. мен/бен/пен) to join with; to connect with
ата-	to call by name; to name
атап өт-	to mark (an event); to celebrate
корпорация	(< Rus.) corporation
аудан	district
жетім	orphan
сәби	infant; child
аш-	to open
ашыл-	to be open
ашылғалы отыр-	to be opened soon; to be about to be opened
балалар үйі	children's house
Жапония	Japan
Ротари клубы	Rotary Club
қайырым	compassion; pity; kindness
қайырымдылық	charity
тапсыр-	to hand over; to deliver; to present
әкім	governor; ruler; administrator
әкімшілік	administration
бөлім	department
меңгер-	to execute
меңгерушы	executive
бол-	to be; to become; to be present

Translation:

IN THE CAPITAL: WHAT HAPPENED LAST WEEK?

Events of Seven Days in Seven Lines

- On August 22, 1993, the great statesman, public servant, leader and scholar Dinmuxamed Axmetüli Qonayev unexpectedly passed away when he was approaching the age of 82. The body of the deceased was put to rest in the Kęnsay cemetery. Goodbye, you noble son of the Kazakhs. May the earth covering your grave be light!
- Workers of the small business EXO and the Almatı Tunnel Work Team celebrated the joining of the Rayımbek Metro Station with the electrical locomotive depot.
- The "KRAMDS" corporation presented a contribution of the Rotary Club of Japan to the Children's Home which is soon to be opened in Almatı's Frunze District for children forsaken by their parents. B.C. Lixachev, the departmental executive director of the Almatı City Administration, was present .

[*Almatı Aqşamı*, August 30, 1993, p.1]

АЛМАТЫҒА Петродворецтен хабар келеді. Санкт-Петербург мүсіншісі Алексей Мурзин Д.А. Қонаевтың тірі кезінде оның портретін жасап бітірген еді енді ол құрылып жатқан Қазақстанның тарихи тұлғалары мұражайына мәңгілікке қойылмақ.

АЛМАТЫ Якутск--138мың сом. Я. ұшақ билетінің құны осы, таңдан, таңданба, Алматы-- Санкт-Петербург -- 126 мың, Москваға -- 105 мың, Самараға -- 79 мың, Новосибирскке-- 60 мың, Бакуге-- 75 мың... Республика қалаларына ма? Ақтауға -- 52 мың, Арқалыққа -- 29 мың, Қостанайға -- 30 мың, Жамбылға -- 15 мың, Қарағандыға-- 23 мың, -- Өскеменге 25600... Жолың болсын, жолаушы.

Дүйсенбіде тілдескенше:
Е. Ғали.

[Алматы Ақиамы, 30- тамыз, 1993- жыл, 1- бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Алексей Мурзин деген кім?
- 2) Д. А. Қонаевқа оның қандай қатысы бар?
- 3) Қазақстанның тарихи тұлғалар мұражайы 1993 жылы салынып біткен бе еді?
- 4) Ол мұражайға қойылған заттар қанша уақыт көрсетеліп сақталады?
- 5) Ұшақ билеттерінің бағасы қымбат па, арзан ба?
- 6) Бұл баға осыны есіткен адамды таңдандыра ма?
- 7) Бұл хабарды жариялаған тілші көрсетілген бағаларға риза ма?

Vocabulary:

мүсінші	painter; artist
тірі	alive
кез	time; period
портрет	(< Rus.) portrait
жаса-	to make; to do
бітір-	to finish
құр-	to build
құрыл-	to be built
құрылып жат-	to be in the process of being built

тарих	history
тарихи	historical
тұлға	exhibit; display
мұра	legacy; heritage
мұражай	museum
мәңгі	eternal
мәңгілік	eternity
қой-	to put down; to place
қойыл-	to be placed
билет	ticket
ұшақ	airplane
ұшақ билеті	airplane ticket
күн	blood price; price
таң	surprise
таңдан-	to be surprised
таңдандыр-	to cause to be surprised; to surprise
жол	road
жолаушы	traveller
жол болсын	may your road (trip) be safe!

Translation:

- The following news comes from Petrodvorets to Almatī. When D.A. Konayev was alive, Alexey Murzin, an artist from St. Petersburg, had made and finished his portrait. Now the portrait will be placed for eternity in Kazakhstan's historical exhibition museum which is currently being built.
- Almatī -- Yakutsk, 138,000 rubles. This is the price of the Yakutsk airfare, whether you believe it or not. Almatī -- St. Petersburg, 126,000 rubles. To Moscow 105,000, to Samara 79,000, to Novosibirsk 60,000, to Baku 75,000 rubles ... And to the cities of our republic? To Aqtau 52,000 rubles, to Arqaliq 29,000, to Qostanay 30,000, to Jambil 15,000, to Qarağanda 23,000, to Öskemen 25,600 rubles. Have a good trip, traveller!

Goodbye until Monday:

E. Ğaliy

[*Almatī Aqşamı*, August 30, 1993, p.1]

АСТАНА: ӨТКЕН АПТАДА НЕ БОЛДЫ?



- АЛМАТЫДА ГФР бұндестагының қорғаныс жөніндегі комиссиясының мүшелері болды. Қазақстандағы әскери адамдардың тұрғын үйін соғу үшін... 3,6 млн неміс маркін бөлді...
- АЛМАТЫДА республикалық және қалалық ішкі істер органы бірлесіп «Құрық» операциясын өткізді. Қоғамдық тәртіп бұзған 2000 адам ұсталды. Коммерциялық дүкендерге жүргізілген тексеру нәтижесінде 20 миллион сом мемлекет қазынасына құйылды. Осындай рейд күнделікті болсайшы.
- АЛМАТЫДА Қазақ азаматтық авиация басқармасының бастығы Амантай Жолдыбаев баспасөз конференциясын өткізді. Қысқасы қазір 1 тонна ұшақ жағармайы 166 мың сом тұрады. Бұдан сәл бұрын 69 мың еді.

[Алматы Ақшамы, 6-желтоқсан, 1993- жыл, 1- бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) ГФР деген қандай ел?
- 2) Алматыға келген адамдар мұғалімдер ме, дәрігерлер ме, әлде әскери саласындағы мамандар ма?
- 3) Олар соншама қаржыны не деп бөлді?
- 4) “Құрық” операциясының мақсаты не еді?
- 5) Оны кім өткізді?
- 6) Мемлекет қазынасына түскен 20 миллион сом ненің нәтижесі болды?
- 7) Амантай Жолдыбаев деген кім?
- 8) Баспасөз конференциясында қандай жаңа мәлімет берілді?

Vocabulary:

ГФР	abbr. for: Германия Федеративдік Республикасы Federal Republic of Germany
бундестаг	(< Germ.) Bundestag (name of German parliament)
қорғаныс	defense
жөніндегі	(adj.) which is about; concerning
коммиссия	(< Rus.) commission; committee
мүше	member
әскер	soldier
әскери адамдар	military personnel
тұрғын үй	living quarter; housing
соқ-	to build
неміс	(< Rus.) German
млн	abbr. for: миллион million
марк	(< Germ.) mark (German monetary unit)
бөл-	to divide; to assign something for a purpose; to assign to allot
іс	work; affair
орган	(< Rus.) organ; unit
ішкі істер органы	unit attached to the Ministry of Interior Affairs: police and security force
бірлес-	to unite
құрық	tail; here: name of a police raid
операция	(< Rus.) operation
өткіз-	to conduct; to carry out
қоғам	society
қоғамдық	social
тәртіп	order
бұз-	to destroy; to violate
ұста-	to catch
ұстал-	to be caught; to be detained
коммерция	(< Rus.) commerce
коммерциялық	commercial
дүкен	store; shop; commercial establishment
жүргіз-	to conduct; to carry out
жүргізіл-	to be conducted; to be carried out

тексір-	to test; to inspect; to investigate
нәтиже	result
құйыл-	to be poured
рейд	(< Engl.) raid
күнделікті	(adj.) daily
азамат	citizen
азаматтық	(adj.) civilian
авиация	(< Rus.) aviation
басқарма	administration
бастық	leader
баспасөз	press
баспа сөз конференциясы	press conference
қысқасы	in short
ұшақ	airplane
жағармай	fuel [lit.: oil (suitable) to burn]
сәл	a little
бұрын	(postp. with abl.) before
бұдан	from this
бұдан сәл бұрын	a little while ago

Translation:

[IN THE] CAPITAL: WHAT HAPPENED LAST WEEK?

Events of Seven Days in Seven Lines

- Members of the Committee on Defense of the Bundestag of the Federal Republic of Germany visited Almatı. They allotted 3,6 million German Marks for the construction of houses for military personnel in Kazakhstan ..
- The National and Municipal units of the Ministry of Interior Affairs jointly carried out the "tail" operation. 2000 people who had violated the social order were detained. As a result of the inspection conducted in commercial establishments, 200 million rubles were poured into the state treasury. If only such raids could be daily events.
- The head of the Kazakh Civilian Aviation Administration, Amantay Joldıbayev, held a press conference in Almatı. Just briefly, one ton of aviation fuel costs now 166,000 rubles. Recently, it was 60,000.

[Almatı Aqşamı, December 6, 1993, p.1]

- АЛМАТЫДА Гёте атындағы неміс институты ашылмақ.
- АЛМАТЫ қалалық әкімшілігінің шешімімен Ұлттық Ғылым академиясының Ботаника институтының үйіне Канада елшілігі қоныстанды. Елшілікке елдік пейіл көрсеткен жақсы. Бірақ оған «Казправда» қуанбайды. Сондағы ниеті не екен...
- АЛМАТЫҒА жеткен сүйінішті бір хабар: ГФР үкіметі Қазақстанға жалпы суммасы 110 миллион маркаға темір жол вагондарының жеткізіліміне кепілдік берді.
- АЛМАТЫДА Президент жарлығымен М. Жолдасбеков Қазақстан Республикасының Иран Ислам республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалды.

[Алматы Ақиамы, 6-желтоқсан, 1993-жыл, 1- бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Алматыда Неміс институты кімнің атында болмақшы?
- 2) Канада елшілігі Ботаника институтының үйіне қоныстансын деген шешім кімдікі?
- 3) Бұл дұрыс шешім бе?
- 4) Қазақстанға 110 миллион маркаға не жеткізілмекші?
- 5) Ол қай елден келмекші?
- 6) Оған не кепіл?
- 7) М. Жолдасбеков Иран Ислам республикасына кім болып тағайындалды?

Vocabulary:

Гёте	Johann Wolfgang Goethe, German poet and statesman (1749-1832)
қалалық	(adj.) city's
әкімшілік	administration
шеш-	to untie; to decide; to resolve
шешім	decision
ҒЫЛЫМ	science; scholarship
ҰЛТТЫҚ	national
ел	people; country

елдік	national
елші	ambassador
елшілік	embassy
қон-	to settle down
қоныс	stopping place during nomads' migration
қоныстан-	to settle down; to establish oneself in a location; to be housed
пейіл	character; kindness; hospitality
пейіл көрсет-	to show hospitality
қуан-	to be happy; to be pleased
сондағы	at (in) that; connected with that
ниет	intention; purpose
жеткіз-	to bring to; to deliver; to import
жеткізіл-	to be brought to; to be imported
жеткізілім	import
сүйін-	to rejoice; to be glad
сүйінішті	joyous; glad; pleased
үкімет	government
жалпы	total; all
сумма	(< Rus.) sum
марка	German monetary unit: mark
темір	iron
темір жол	railroad (lit.: iron road)
вагон	(< Russ.) railroad car
кепіл	promise; guarantee
кепілдік	promise; guarantee
жарлық	decree
төтенше	extraordinary
өкілетті	plenipotentiary
тағайында-	to appoint
тағайындал-	to be appointed
болып тағайындал-	to be appointed as

Translation:

**[In the] Capital: What Happened Last Week?
Events of Seven Days in Seven Lines**

- A German institute named after Goethe will be opened in Almatī.
- By decision of the Almatī City Administration, the Embassy of Canada has been housed in the building of the Institute of Botany of the National Academy of Sciences. It is good to have shown our national hospitality to the embassy. However, the "Kazpravda" newspaper was not happy about it. What is their purpose in voicing displeasure, I wonder ..?
- A piece of good news has reached Almatī. The Government of Germany issued a guarantee for the import of railroad cars for the total sum of 110 million German Marks.
- By decree of the President (in Almatī), M. Joldasbekov has been appointed as the Extraordinary and Plenipotentiary Ambassador of the Republic of Kazakhstan to the Islamic Republic of Iran.

[*Almatī Aqşamī*, December 6, 1993, p.1]

ЖУРНАЛИСТТЕРМЕН ӘҢГІМЕ

Кеше, Парламент үйінде Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы тұрақты комитеті төрағасының орынбасары Тимур Давамет бастаған Қытай парламенті делегациясының Қазақстандағы сапарының қорытындысына арналған баспасөз конференциясы болды.

Баспасөз конференциясы кезінде Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы тұрақты комитеті төрағасының орынбасары Тимур Давамет журналисттерге өзінің Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен Жоғары Кеңес Төрағасы Серікболсын Әбділдинмен жүздесулердегі алған әсерін ілтипатпен атап өтіп, Көкшетау облысына барған сапарына ризашылық сезімін білдірді.

Содан кейін ол ақпарат құралдары өкілдерінің қойған түрлі тақырыптардағы сұрақтарына жауап берді.

Баспасөз конференциясына Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі Төрағасының орынбасары Қайролла Ережепов қатысты.

Қытай Халық Республикасының парламент делегациясымен болған баспасөз конференциясы туралы материалды газетіміздің таяудағы санынан оқисыздар.

(Өз тілшімізден)

[*Халық Кеңесі*, 10- Тамыз, 1993, 1-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Тимур Давамет деген кісі кім?
- 2) Өткен баспасөз конференциясы неге арналған?
- 3) Сапарының уақытында кіммен кездескенін, қайда барғанын баяндағанда Тимур Давамет қандай сезім білдірді?
- 4) Баспасөз конференциясына Қазақстан өкметі өкілдерінен кім қатысты?
- 5) Конференция материалдарымен қалай танысуға болады?

Vocabulary:

журналист	(< Rus.) journalist
әңгіме	talk; discussion
кеше	yesterday
парламент	(< Rus.) parliament
үй	home; house; building
өкіл	representative
жиналыс	meeting; congress
бүкіл	all; the whole
Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы	Congress of the Representatives of the People's Republic of All China [БХӨЖ]
комитет	(< Rus.) committee
тұрақты	standing; lasting
тұрақты комитет	standing committee
төр	place (seat) of honor
төраға	chairman
орынбасар	deputy
баста-	to lead
делегация	(< Rus.) delegation
сапар	journey; trip
қорытынды	conclusion; ending
арнал-	(with dat.) to be devoted to; in connection with
баспа	printing
баспасөз	news; press
кеңес	council; parliament
Жоғары Кеңес	Supreme Council; Parliament
жүз	face
жүздес-	(with postp. мен / бен / пен) to meet with
ілтипат	courtesy; kindness
ілтипатпен	kindly; politely
өт-	to pass
ата-	to name (< at name)
атап өт-	to mention
Көкшетау	name of a province
риза	satisfied

ризашылық	satisfaction
сезім	feeling
білдір-	to express (lit.: to make known)
сонан кейін	after that; afterwards
ақпарат	information
құрал	means; implement; tool
ақпарат құралдары	media
түрлі	various
сұрақ	question
сұрақ қой-	to ask (to put) a question
жауап	answer
жауап бер-	to answer
туралы	(postp. with nom.) about; on
материал	(< Rus.) material
таяу	next
таяудағы сан	the next issue
қатыс-	(with dat.) to participate in

Translation:**DISCUSSIONS WITH JOURNALISTS**

Yesterday in the Parliament Building a press conference took place in connection with the conclusion of the visit of the delegation of the Congress (parliament) of China to Kazakhstan, led by Timur Dawamet, deputy chair of the Standing Committee of the All-China People's Deputy Congress.

At the press conference Timur Dawamet, deputy chair of the Standing Committee of the All-China People's Deputy Congress, kindly mentioned to the journalists the impressions he had received from the meetings with the President of our Republic, Nursultan Nazarbayev, and the Chair of the Supreme Parliament, Serikbolsin Abdildin. He also expressed his sense of satisfaction with the trip the delegation had made to the province of Kökshetau.

Afterwards he answered questions on various topics asked by the representatives of the media.

Kayrolla Erejepov, deputy chair of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, participated in the press conference.

In the next issue of our newspaper you can read materials on the press conference which took place with the delegation of the Congress of the People's Republic of China.

From our correspondent

[*Xaliq keñesi*, August 10, 1993, p. 1]

САПАР АЯҚТАЛДЫ

Өткен сенбіде Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы тұрақты комитеті төрағасының орынбасары Тимур Давамет бастаған БХӨЖ-ның парламент делегациясы Көкшетау облысында болғаннан кейін Алматыға қайтып оралды.

Жексенбі күні меймандар биік таудағы «Медеу» спорт кешенімен, «Шымбұлақ» тау шаңғысы базасымен танысты, Қазақстандағы ҚХР елшілігінде болды.

Тамыздың 9-ында делегация мүшелері Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен сұхбаттасты. Олар аяқталған сапарының екі ел арасындағы жан-жақты ынтымақтастықтың дамуына, одан арғы түсіністікке, достықты нығайтуға жәрдемдесуде пайдалы болғандығын атап өтті.

Сол күні Қытай парламентшілері Отанына жүріп кетті.

[Халық Кеңесі, 10- Тамыз, 1993, 1-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) БХӨЖ-ның парламент делегациясын кім басқарды?
- 2) Қытай делегациясы әуелі Алматыға келіп пе еді? Немесе сапарын Көкшетаудан бастады ма?
- 3) Жексенбі күні меймандар қандай-қандай жерлерді аралады, қайда қыдырды?
- 4) Делегация мүшелері ақпарат құралдары өкілдерімен сұхбаттасқанда сапарларын қалай бағалады?

Vocabulary:

аяқта-	to finish; to end
аяқтал-	to be finished; to be ended
сенбі	Saturday
БХӨЖ	abbr. for: Бүкіл қытайлық Халық Өкілдері жиналысы National People's Congress of All-China
орал-	to turn; to return
қайт-	to return; to go back
қайтып орал-	to return

жексенбі	Sunday
мейман	guest
биік	high; tall
тау	mountain
Медеу	name of a place near Almaty
кешен	area
шаңғы	ski
база	(< Rus.) base
ҚХР	abbr. for: Қытай Халық Республикасы People's Republic of China (PRC)
елші	ambassador
елшілік	embassy
тамыз	August
мүше	member
құрал	facility
бұқара	masses; people
бұқаралық ақпарат құралдары	mass media
сұхбат	discussion; conversation
сұхбаттас-жан	(with мен / бен / пен) to talk with side
жақ	side
жан-жақты	bilateral
ынтымақ	consent; concord; unity; collaboration; unanimity
ынтымақтас-ынтымақтастық	to collaborate; to come to an agreement; to conclude an alliance cooperation; collaboration
дам-	to develop; to grow
арғы	far; distant
одан арғы	more than; further
түсін-	to understand
түсіністік	understanding
дос	friend
достық	friendship
нығайт-	to consolidate; to make stronger
жәрдем	help
жәрдемдес-	(with dat.) to help

пайда	advantage; benefit
пайдалы	beneficial; profitable; favorable
парламентші	member of parliament; congressman
отан	hometown; motherland
жүріп кет-	to leave

Translation:**JOURNEY'S END**

Last Saturday, the delegation of the People's Congress of China, headed by Timur Dawamat, Vice Chairman of the Standing Committee of the People's Deputy Congress of All-China returned to Almatı after visiting the Province of Kökşetau.

On Sunday the guests toured the "Medeu" Sports arena in the high mountains and got acquainted with the "Şimbûlaq" mountain ski resort. Afterwards they were at the People's Republic of China's embassy in Kazakhstan.

On August 9 the members of the delegation held a press conference with media representatives. They mentioned that the visit which had just ended had been advantageous in helping to consolidate the friendship and in furthering mutual understanding, as well as to developing bilateral collaboration between the two countries.

On the same day the Chinese congressmen left for their home country.

[*Xalıq Keñesi*, August 10, 1993, p.1]

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ



1937 жылы туған, ұлты қазақ, білімі жоғары, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген, филолог, қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы. Филология ғылымының докторы, профессор.

Еңбек жолын 1954 жылы Жамбыл облысының Талас ауданындағы еңбекшілер депутаттары Ақ-көл ауылдық Кеңесінің хатшысы болып бастаған. Университетті бітіргеннен кейін едәуір уақыт оқытушылық қызметте болды, бұл кезеңде ол кафедра ассистентінен Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогика институтының ректоры, содан кейін Қазақ КСР оқу министріне дейінгі қызмет жолынан өтті.

1988-1993 жылдары партия қызметінде. Қазақ КСР Президенті Кеңесінің мүшесі, Қазақ Мемлекеттік кеңесшісі, республика Премьер-министрінің орынбасары болды.

1993 жылғы қаңтар айынан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі.

«Халықтар достығы» орденімен, медальмен наградталған. Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесі бар.

РЕКАДЦИЈАДАН: Еларалық «Заман-Қазақстан» газетін шығаруға әуел бастан қамқорлық танытып қолынан келер көмегін аямаған редакция ұжымының төрағасы, халқымыздың қадірменді азаматы, бүкіл Түркі қауымының арғы-бергі рухани қазынасын жетік білетін зерттеуші ғалым Мырзатай Жолдасбекұлының ел сенімі жүктелген жаңа қызметте де жемісті жұмыс атқарып, абройға бөлене беруіне тілектеспіз.

[Заман-Қазақстан, 10-қыркүйек, 1993-жыл, 1-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Мырзатай Жолдасбеков нешінші жылы туған?
- 2) Қандай жоғары оқу орнын бітірген? Мамандығы не?
- 3) Еңбек жолын кім болып бастаған?
- 4) Оқытушылық қызметте қандай нәтижелерге жеткен?
- 5) Партия қызметінде қандай жұмыс атқарған?
- 6) Қазіргі жұмыс орны не?
- 7) Мырзатай Жолдасбековтың “Заман-Қазақстан” басылымына қандай қатынасы бар?

Vocabulary:

ту-	to be born
ұлт	nationality
біл-	to know
білім	knowledge; education
жоғары	high; higher
С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті	Kazakh State University in the name of S. M. Kirov, now: Al-Farabi Kazakh State University
бітір-	(acc.) to finish something; to graduate from
филолог	philologist
филология	philology
әдебиет	literature
оқы-	to read; to study
оқыт-	to make (let) read or study
оқытушы	teacher
оқытушылық	(n.) profession of teachers; (adj.) teaching profession
оқытушылық қызмет	teaching employment
оқытушылық қызметте бол-	to be employed as a teacher (lit.: to be in teacher-like employment)
оқу	studies; education
Оқу министрі	Minister of Education
ғылым	science
еңбек	work; labor
еңбекші	worker
еңбек жолы	career (lit.: road of work)

Жамбыл	name of a city, capital of the province of Jambıl named after the aqın (oral poet) Jambıl Jabayev (1846-1945)
облыс	(< Rus.) province
Талас	name of a town and district in Kirghizstan
аудан	region, district
Ақкөл	name of a village
ауыл	village
ауылдық	(adj.) pertaining to a village
кеңес	council
кеңесші	councilor; advisor
хат	letter
хатшы	secretary
бас	head
баста-	to start
болып баста-	to start as
кейін	(postp. with abl.) after
едәуір	considerable; fairly much; long
кезең	period; long stretch of time
кафедра	(< Rus.) division within a department; chair; professorship
ассистент	(< Rus.) assistant
Талдықорған	capital of the Taldıqorған province in Kazakhstan
педагогика	(< Rus.) pedagogy
содан кейін	after that
Қазақ ҚСР	Қазақ Қоғамдық Совет Республикасы: Kazakh SSR
қоғам	organization; society
қоғамдық	social; socialistic; common
дейін	(postp. with dat.) until; up to; to
дейінгі	(adj.) up to; until
мүше	member
премьер-министр	prime minister
орынбасар	deputy
қаңтар айы	month of January
бастап	(postp. with abl.) starting from; beginning with; from
дос	friend
достық	friendship
халықтар достығы ордені	Orden of Friendship of Peoples

медал	(<Rus.) medal (badge of distinction); lower in rank than орден
награда	(<Rus.) reward
наградта-	to reward; to award
наградтал-	to be awarded
төтенше	extraordinary
өкіл	representative
өкілетті	plenipotentiary
дипломатия	(<Rus.) diplomacy
дипломатиялық	(adj.) diplomatic
дәреже	degree; rank
редакция	(<Rus.) editorial staff
еларалық	international
шық-	to leave; to go out; away
шығар-	to cause to go out; to publish
әуел	first; before
қамқор	protector; patron
қамқорлық	patronage; concern
таны-	to know
таныт-	to make known; to show
қол	arm; hand
қолынан кел-	to do what one can; to do as much as possible
көмек	assistance; help
ая-	to spare
ұжым	board (of an organization)
төраға	chairman; president
қадір	value; esteem
қадірменді	valuable; esteemed
азамат	citizen; person; human being
бүкіл	whole; all
түркі	Turkic
қауым	people; tribe
арғы	on that side; far; distant
бергі	on this side; near
арғы-бергі	from here to there; all; whole; complete(ly)
рухани	spiritual
қазына	treasure

жет-	(with dat.) to reach up to; to attain something
жетік	competent(ly); capable; well
зертте-	to investigate
зерттеу	investigation
зерттеуші	researcher
ҒАЛЫМ	scholar
сен-	to trust
сенім	trust
ел сенімі	trust of the people
жүк	load; burden; freight
жүкте-	to load; to burden
жүктел-	to be loaded; to bestow
жаңа	new
жеміс	fruit
жемісті	fruitful; successful
жұмыс	work
атқар-	to carry out; to fulfill; to execute
абырой	reputation; prestige
бөле-	to put a child into a cradle; to take care of someone as if he/she is a baby
бөлен-	to be put into a cradle ; (with. dat.) to be surrounded by
бер-	to give (with a preceding converb in -e/-a, expressing an ongoing action, often executed despite some obstacle)
тіле-	to wish
тілек	wish
тілектес	someone who shares a wish; well-wisher

Note:

1. Jansügirov (1894-1938) was a gifted Kazakh poet. His long poem about the famous horse of the singer Aqan seri (1843-1913) "Qulager" (1936) has won him deep admiration. Jansügirov also wrote plays, short stories and a novel about the uprising of 1916 and the revolution of 1917 (*Joldastar*, 1935). He is one of the many thousands of Kazakh intellectuals who were killed during Stalin's purges, 1937-1938.

Translation:**MİRZATAY JOLDASBEKOV**

Born in 1937 of Kazakh nationality, he received a higher education and graduated from the Kazakh State University named after S. M. Kirov. He is a philologist, a teacher of Kazakh language and literature, doctor of philology and professor.

He started his career in 1954 as secretary of the Council of Workers' Deputies of the village Aq-köl in the Talas district of Jambil Province. After finishing university he was employed as a teacher. During this period he advanced from being a chair's assistant to the Rector of the Taldıqorğan Institute of Pedagogy named after Jansügirov, and to the position of Minister of Education of the Soviet Socialist Republic of Kazakhstan.

From 1988-1993, serving the Party, he became a member of the council of the President of the Kazakh SSR, a Kazakh State Councilor, and Deputy Prime Minister of the Republic.

Since January 1993 he has been an advisor to the President of the Republic of Kazakhstan. He was awarded with the order and medal of "Friendship of Peoples". He has the diplomatic rank of Extraordinary and Plenipotentiary Representative.

From the editorial staff: We wish Mirzatay Joldasbekov, the head of the editorial board who from the beginning, even before the publication of the newspaper "Zaman-Qazaqstan," has shown concern and did all he could for the newspaper; the esteemed citizen of our people, the scholar and researcher who knows the whole spiritual wealth of all the Turkic peoples well, that he will also be successful in his new duties which the people's trust bestowed on him and that he will continue to be surrounded by esteem.

[*Zaman-Qazaqstan*, September 10, 1993, p. 1]



«Лобнор Жойылсын!»

Шығыс Түркістандағы (Қытай) «Лобнор» полигонының әсері мен зардабы жайында аз айтылып жүрген жоқ. Бұл полигон тек осындағы халықтардың ғана денсаулығын бұзып қана қоймай, оған көрші Қазақстан мен Ресейдегі адамдардың да өмір тіршілігіне зиянды әсер етуде. Халықаралық сапаршылардың келтірген деректеріне сүйенсек, Қытайдың осы өлкесіндегі тұрғындардың арасында асқынған ауру мен өлім көп. Мұның бәрі, әрине, ядролық сынақтардың нәтижесінен екені түсінікті.

Халықаралық «Семей-Невада» қозғалысының «Аттан» штабы мен оның «Лобнор» комитетінің ұйымдастыруымен астанадағы Қытай елшілігі үйінің алдында біраз адам жиналған митингі болды. Онда «Лобнор» жойылсын», «Шығыс Түркістанда ядролық жарылыс болмасын» деген сөздер естілді. Сондай-ақ, жиналғандар Қазақстанға көптеп кеткен қытайлардың өз елдеріне қайтуын да айтты.

Жиналғандар бейбітшілік акциясын қытай халқы да қолдайды деген сенімде болды.

[Халық конгресі, 10 тамыз, 1993 жыл, 2-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) “Лобнор“ ядролық сынақ полигоны қай мемлекетте, қай өлкеде орналасқан?
- 2) Бұл полигонның зиянды әсері қандай елдердің азаматтарына тиеді?
- 3) Ядролық сынақтардың адамдың денсаулығына деген әсерін немен дәлелдеуге болады?
- 4) Қытай елшілігінің алдында өткен митингіні кімдер ұйымдастырды?
- 5) Жиналған адамдар қандай ниеттерін білдірді?

Vocabulary:

жойыл-	to be destroyed
Лобнор	Chinese nuclear testing ground in East Turkistan
шығыс	east
Шығыс Түркістан	East Turkistan
полигон	(< Rus.) nuclear testing facility
әсер	influence; effect
әсер ет-	to influence; to have an effect
зардап	negative result; danger
жайында	(postp.) about; on
аз	little; a few; not much
аз айтылып жүрген жоқ	much has been said (over a long period of time)
тек... ғана / қана	(with negation) not only
денсаулық	health
бүз-	to destroy
көрші	neighbor
адам	man; human being
тірі	alive; living
тіршілік	life
өмір тіршілігі	livelihood; existence
зиян	damage; danger;
зиянды	harmful; dangerous
сапар	trip; journey
сапаршы	traveller; tourist
келтір-	to bring (lit.: to cause to come)
дерек	fact; information
сүйен-	(with dat.) to rely on
өлке	country
тұрғын	inhabitant; local population
арасында	(postp. with gen./nom.) between
асқын-	to become worse; to become incurable
ауру	sickness
өлім	death
мүнің бәрі	all of these
сына-	to test

сынақ	test
ядро	(< Rus.) nuclear
ядролық сынақ	nuclear test
нәтиже	result
түсін-	to understand
түсінікті	obvious; understandable; clear
қозғалыс	movement; revolt
штаб	(< Rus.) staff; group; headquarters
аттан < ат+та-н!	"Get on the horses!"; "Attack!" (battle cry announcing the approach of an enemy)
ұйым	organization
ұйымдастыр-	to organize
астана	threshold; capital city
алдында	(postp. with gen./nom.) in front of
біраз	some
жинал-	to gather
митинг	(< Rus.) meeting
жарылыс	explosion
естіл-	to be heard
көптеп	in masses
қайт-	to return
ел	country
өз елі	one's own country
акция	(< Rus.) action
қолда-	to support
сенімде бол-	to be confident; to hope (lit.: to be in confidence)

Translation:**LOBNOR SHOULD BE ABOLISHED!**

Much has been said about the effects and dangers of the Lobnor nuclear testing facility in East Turkistan [Xinjiang, China]. This nuclear testing facility is not only completely destroying the health of the people who live there, but it is also has harmful effects on the livelihood of the people in neighboring Kazakhstan and Russia. If one can believe the information brought out by international travellers, the rate of death and incurable illnesses is high among the population of this Chinese region. It is obvious that all of this is the result of nuclear testing.

Recently there was a meeting of people in front of the building of the Chinese Embassy in Almatı organized by the International Semey-Nevada Movement's "Atan" group and its "Lobnor" Committee. At the meeting one heard the words "Abolish Lobnor!" and "No Nuclear Explosions in East Turkistan!" In addition, those who had gathered also said that the Chinese who had left in masses for Kazakhstan should return to their own country.

The participants of the meeting were confident that the Chinese people too will support this peace initiative.

[*Xaliq Kongresi*, August 10, 1993, p. 2]

Жол бойындағы Қарақшылар

Көкшетау облысы. Енді біздің жолдарымызбен жүкті тек армия конвойы арқылы тасу ғана мүмкін болатын тәрізді. Өйткені оларда қарақшылық жасау үйреншікті құбылысқа айналып отыр.

Уәлиханов селосының сыртында номері жоқ «Жигүли» машинасына мінген екі жігіт шетелдік машиналардың мотор майы тиелген «МАЗ-5320» машинасын тоқтатады. Сөйтіп омбылық «Труд» шағын жеке кәсіпорнының жүргізушісін кабинадан түсіріп, өздері қашып кетеді. Жергілікті із кесушілер жол үстіндегі қарақшыларды іздестіріп жатыр.

[Жас Алаш, 2- желтоқсан, 1993- жыл, 3-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақстан жолдарымен жүк тасу неге қауіпті бола бастады?
- 2) Баяндалып отырған оқиға қай жерде болған?
- 3) Қарақшылар жүк машинаның жүргізушісіне қандай зорлық көрсетті?
- 4) Машинаға қандай жүк артылған?
- 5) Ол жүк кімдікі?
- 6) Қарақшыларды іздестіріп жатқан кімдер?

Vocabulary:

жол	road; highway
қарақшы	robber
қарақшылық	robbery
қарақшылық жаса-	to rob; to engage in robbery
жол бойындағы	which (who) is (are) along the road
жол үстіндегі	which (who) is (are) on the road
жол үстіндегі /бойындағы	highway robber
қарақшы	
тек	only

армия	(< Rus.) army
конвой	(< Rus.) convoy
арқылы	(postp. with nom.) by means of; through
тас-/тасы-	to transport; to take something across
ғана	only
мүмкін	possible
тәрізді	as if; it seems
өйткені	(conj.) because
жаса-	to do; to make
үйренішікті	usual; habitual, common; regular
құбылыс	phenomenon; occurrence
айнал-	(with dat.) to turn into; to become
село	(< Rus.) district
сырт	outside
номер	(< Rus.) number; license number (plate)
машина	(< Rus.) car
мін-	to get on (a vehicle); to ride; to drive
жігіт	young man
шетелдік	foreign
жигули	(< Rus.) name of a Soviet-made car
май	oil
мотор	(< Rus.) motor
мотор майы	motor oil
тиел-	to be loaded
тоқта-	to stop
тоқтат-	to force to stop; to halt
сөйтіп	(conj.) then
Омбы	Omsk
омбылық	a person from Omsk
жеке	private
шағын	small
шағын жеке кәсіпорны	small private business
жүргізуші	driver; chauffeur
кабина	(< Rus.) cab of a truck
түс-	to get off a vehicle
түсір-	to force someone to get off a vehicle

қаш-	to flee
қашып кет-	to flee; to escape; to drive away
жергілікті	local
із	trace
із кес-	to follow a trace (lit.: to cut a trace)
із кесуші	detective
ізде-	to search
ізвестір-	to conduct a search

Translation:**HIGHWAY ROBBERS**

Province of K k setau: Nowadays it seems that it will only be possible to transport goods on our roads by means of an army convoy, because acts of robbery are becoming regular occurrences on our highways.

Outside of the Velixanov district, two young men driving a "Jiguli" car, without a license plate, forced a truck with the license number MAZ-5320, which was loaded with motor oil for foreign cars, to stop. Then they forced the driver of the Omsk "Trud" company, a small private business, to get out of the cab and they themselves drove away with the truck. Local detectives are currently conducting a search for the highway robbers.

[*Jas Ala *, December 2, 1993, p.1]

ЖАМБЫЛ-- К. СӘТТІБАЙҰЛЫ,
«ЖА»-НЫҢ ШТАТТАН ТЫС ТІЛШІСІ:

**Желтоқсан құрбаны
Жадыдан өшпейді**

Желтоқсан оқиғасының жазықсыз құрбаны, есіл ер Қайрат Рысқұлбековтың ата-анасының арызы бойынша Қазақстан Республикасының Жоғары Соты алғаш рет ата-бабаларымыз қолданып келген «Жетіжарғы» заңына сүйене отырып, Қайраттың отбасына 31 миллион сом айып төлеуге билік шығарғанын естіп қуанып қалып едік.

Жақында сол қыршын кеткен Қайраттың туған ауылы Бірлікте (Жамбыл облысы) батыр ұлының ескерткіші орнатылды. Сондай-ақ Қайрат оқыған Киров атындағы орта мектепке және бір көшеге оның есімі берілді. Ал мектептің алдынан Қайраттың бейнесі қашалап жасалынған мәрмәр тақтадан оның жалынды жырын оқуға болады.

[Жас Алаш, 11- қыркүйек, 1993-жыл, 1- бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қайрат Рысқұлбеков деген кісі кім?
- 2) Қайраттың отбасына 31 миллион сом айып төлеуге билік шығарған кім?
- 3) Ол билікті қандай заңға сүйеніп шығарған?
- 4) Қайраттың есімін мәңгілікке сақтау үшін қандай шаралар пайдаланды, не жасалды?
- 5) Қайраттың өмірбаянын және жалынды жырын қайдан оқуға болады?

Vocabulary:

штат	(< Rus.) staff
тыс	outside
штаттан тыс	outside of the regular staff; special
тілші	linguist; reporter; correspondent
желтоқсан	December
құрбан	victim; martyr
өш-	to go out (fire; light); to be extinguished
жад	memory
жадыдан өш-	to be extinguished from one's memory; to forget
оқиға	event; incident
жазық	guilt; offense
жазықсыз	innocent
есіл	noble
ер	man; hero
ата-ана	parents
ата-бабалар	forefathers
арыз	petition; request
бойынша	(postp. with nom.) according to; in accordance with
сот	court; court of justice
жоғары	(adj.) high; supreme; (adv.) above;
Жоғары Сот	Supreme Court
алғаш	first (time)
рет	time (as in two times)
қол	hand; arm
қолдан-	to use; to employ; to follow
қолданып кел-	to follow since a long time
жарғы	edict; decree
Жетіжарғы	The Seven Edicts; name of a Codex of Kazakh traditional law
заң	law
отбасы	family
айып	fault; offense; fine; compensation
төле-	to pay
билік	judgment; verdict
билік шығар-	to reach (pronounce) a verdict

есті-	to hear
бір	one; here: emphasizing an action: very
қал-	to remain
қуанып қал-	to be overwhelmed with joy; to be very pleased
қыршын	young
қыршын кеткен	one who left (died) in the full bloom of youth
ту-	to be born; to give birth
туған	native
ауыл	village
Бірлік	name of a village
ұл	son
ескерт-	to remind
ескерткіш	reminder; monument; memorial
орнатыл-	to be erected; to be placed
сондай-ақ	like that; at the same time; likewise
орта	middle; center
есім	name
ал	(conj.) and; but
алд	front
бейне	image; figure; monument
қаша-	to cut a stone; to sculpture; to inscribe on a stone
жасал-	to be made; to be built
мәрмәр	marble
тақта	slate; large piece of stone or wood
жалын	flame; fire
жалынды	flaming; burning; deeply moving
жыр	song; poem
оқы-	to read; to study

Translation:

Jambil-- K. Sättibayulï
Special Correspondent for *Jas Alas*

THE MARTYR OF THE DECEMBER EVENTS
WILL NOT BE FORGOTTEN

We are very pleased to hear that according to the petition of the parents of the noble hero Qayrat Risqulbekov, the innocent victim of the December events, the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, relying on the "Seven Edicts" which our forefathers have followed for a long time, reached the verdict to pay 31 million rubles in compensation to Qayrat's family . Recently a monument to Qayrat, the son of a hero who lost his life at a young age, was erected in Birlik (Jambil Province), the native village of Qayrat. Likewise, his name was given to a street and to the Kirov Middle School where Qayrat had studied. Also, in front of the school one can read on the marble slate, from which Qayrat's image has been sculpted, his deeply moving poem.

[*Jas Alas*, September 11, 1993, p. 1.]

READER IN KAZAKH CURRENT AFFAIRS

Part III: Articles and Editorials

Ilse D. Cirtautas

Department of Near Eastern Languages & Civilization

University of Washington, Seattle, WA

© 1996

(Not for duplication or citation)

Алматыда не жаңалық

АБЫЛАЙХАН, ТӨЛЕ БИ... АЛМАТЫДА

Әрине бұлар барша қазақ жұрты секілді астаналық жұрағаттардың да есінде, әуелі олардың есімін тірілтіп, жас ұрпақ санасында құрметтеу сезімін оятуға түрткі болған да астананың көзі ашық зиялылары болар. Қалайда халық көтерді. Сонымен Алматы қалалық атқару комитетінің шешімімен бұдан былай бұрынғы мына көшелер былай аталатын болды:

Коммунистік проспекті -- Абылайхан¹
 проспекті,
 Комсомол көшесі -- Төле би²,
 Совет көшесі -- Қазыбек би³,
 Октябрь көшесі -- Әйтеке би⁴,
 Калинин көшесі -- Қабанбай⁵,
 Правда көшесі -- Ыбырай Алтынсарин⁶,
 Киров көшесі -- Бөгенбай⁷,
 Мир көшесі -- Желтоқсан⁸,
 Дзержинский көшесі -- Шапырашты Наурызбай⁹.

Астанаға сапар түссе есте болсын, жадыңызға түртіп алыңыз. Бұл басы ғана. Алматы қалалық атқару комитеті ұлтаралық қатынастар бөлімінің жетекші маманы Кеңесары Қаптағаяевтың айтуына қарағанда алдағы уақытта әлі 150-200 көшенің атын өзгерту көзделуде. Осыған орай сіздерден ұсыныс-тілек білдірген хаттар күтеді. Оны Алматы қалалық атқару комитетіне жолдауға болады.

(Өз тілшімізден)

[Жас Алаш, 15-қараша, 1991- жыл, 1- бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақ батырлары мен билерінің есімдерін тірілтуге түрткі болған кімдер?
- 2) Алматы көшелерінің аттарын өзгерту кімнің шешімімен басталды?
- 3) Мақалада көрсетілген көшелердің ғана аттары өзгертіледі ме?

1) Абылайхан (1713-1781): He is a descendent of Chingiz khan. His early life is remembered in many legends. He grew up as an orphan, tending the sheep of Töle biy (see below). In 1733 he was elected khan of the Middle Horde and in 1771 “he was raised up “ (көтерілді) by the Kazakhs of all three Hordes to be their khan. The election took place in the city of Turkistan, the birth-and burial place of Ahmad Yassawi, the Sufi mystic whom all Central Asian Muslims revere. As was the custom among the Turkic nomads, the newly elected khan was lifted up and down on a white felt rug (М. Мағауин, Қазақ тарихының эллипесі, Almaty 1994, p. 144.) This ceremony symbolized the democratic status of the elected khan: in the same way as he was lifted up, he could also be put down again.

2) Төле би (1663-1756): Töle biy is known among the Kazakhs as an eloquent, wise and courageous judge. He was from the Great Horde and belonged to the Janiis clan of the Dulat tribe. Together with Қазыбек and Әйтеке би (see below), he compiled the traditional law of the Kazakhs, which had been orally transmitted, into the “жеті жарғы” codex. In the opinion of some Kazakhs this codex can be considered the first constitution of the Kazakhs (see in the following p. 81). The three biys are also remembered for their meeting at Orda basi (near Shimkent) in 1723 (see below). A collection of Töle biy’s wise words and sayings, together with legends about him, has been published in a small booklet by S. Däyitov, Töle biy, Almaty, 1991.

3) Қазыбек би (1667-1764): He lived during the most difficult time in Kazakh history. For almost one hundred years starting with about 1640, the Kazakhs had been forced to fight numerous battles against the invading Jungars/Kalmuks. In 1723 the three Kazakh Hordes under the leadership of the three biys, Töle biy from the Great Horde, Äyteke biy from the Smaller Horde, and Qazibek biy from the Middle Horde, decided at Ordabasi to join forces in order to fight the Jungars. They were also successful in organizing the

resistance against the advancing enemy. (About the meeting at Ordabasi, see in the following pp. 81-90)

4) Әйтеке би (1681-1737): He is remembered as one of the three biys who helped to codify the Kazakh traditional law and who brought about the unification of all three Kazakh Hordes at a critical moment in their history.

5) Қабан батыр: His biographical data are unknown. He was one of the batirs (knights) of Abilay khan. His heroic deeds made him famous throughout the Middle and Smaller Horde. He fought many battles against the Jungars/Kalmuks. His life has been memorized in a song *Er Qabanbay* ("The Hero Qabanbay"), composed in the tradition of the Kazakh epics. (Qazaq Sovet Entsiklopediyasi, Vol. 8, 1976)

6) Ыбырай Алтынсарин (1841-1889): Kazakh educator, who strove to bring Western i.e. Russian learning to the Kazakhs. He was born in the province of Qostanay and educated in a Russian school in Orenburg. As an adult he opened schools for Kazakh children, among them also a school for girls. His intention was also to train Kazakh children in useful manual skills, such as gardening, agricultural skills and traditional crafts.

7) Бөгенбай батыр (1690-1775): He was one of the three knights of Abilay Khan who carried his banner into the battle field and served as his general (qol basi). His bravery has been told in many songs.

8) Желтоқсан: December Street, so named after the events which took place on December 17-18, 1986 in Almaty and other cities of Kazakhstan. During these days young Kazakhs, mostly students, demonstrated against the dismissal of D. Kunanbayev, First Secretary of the Communist Party of Kazakhstan, and his replacement by a Russian. Gorbachev brutally suppressed the demonstrations. For details of the events see Kazakh and Kirghiz Studies Bulletin, Vol.1:1 (1993) pp. 10-11; 15-16. For an assessment of the significance

of the demonstrations in regard to the subsequent disintegration of the Soviet Union see N. Dink and A. Karatnycky, The Hidden Nation. The People Challenge the Soviet Union, New York: William Morrow and Company, 1990, pp. 18-19. For information on D. Kunanbayev, see in the following pp. 64-80.

9) Наурызбай (1706-1781): He is from the tribe Šapirašti of the Great Horde. He was one of the three knights (batir) of Abilay Khan who were carrying his banner and also served as his generals (qol basi). Naurizbay spent his whole life fighting against the Jungars (Qazaq Sovet Entsiklopediyası, Vol. 8, 1976, p. 288)

Vocabulary:

жаңалық	news; newness
әрине	of course; yes
барша	all
барша Қазақ жұрты	all the Kazakh people
секілді	(postp. with nom.) like; similar to
астана	threshold; capital of a country
астаналық	(adj.) capital's
жұрағат	descendent; distant relative
әуелі	first; at first
есім	name
тіріл-	to live; to be alive
тірілт-	to revive
жас	young
ұрпақ	generation
сана	thought; mind
оят-	to awake
құрмет	respect
құрметте-	to respect; to honor
құрметтеу сезімін оят-	to awaken a sense of respect
түрткі	initiative; push
түрткі бол-	to show initiative; to take initiative
көзі ашық	wise; clever
зиялы	an intelligent person (lit.: with light)
қалайда	whatever the reason; in any case
көтер-	to lift; to raise; to delight
сонымен	consequently; thus
Алматы Қалалық	Almaty City Executive Committee
Атқару Комитеті	
шешім	decision
бұдан былай	henceforth; from now on
бұрынғы	former
атал-	to be named
аталатын болды	they will be named (from now on)
сапар	travel; trip

сапар түс-	to travel; to go on a trip
есте бол-	to remember (lit.: to be in the mind)
түрт-	to push; to move ahead
жад	memory
жадына түртіп ал-	to remember something well; to keep in mind; (lit.: to push something into one's mind)
бас	head; beginning
бұл басы ғана	this is just the beginning
қатынас	relation
ұлттаралық	international
Ұлттаралық қатынастар бөлімі	Department of International Relations
жетекші	leader; leading
маман	specialist
қарағанда	(postp. with dat.) according to
алдағы	what is in front; coming
алдағы уақытта	in the coming days; in the near future
әлі	still; yet; up to
өзгер-	to change;
өзгерт-	to cause to change
көзде-	to aim; to schedule
көздел-	to be scheduled
осыған	to this (dat. of осы)
орай	(postp. with dat.) in regard to
ұсыныс	suggestion; offer
тілек	wish
күт-	to expect; to wait for
жолда-	to send
тілші	correspondent; journalist

Translation:**What is New in Almatī?****Abilayxan, Töle biy--are in Almatī**

Yes, as they are in the minds of all the Kazakh people, so they are also in the mind of our relatives in the capital. But it must have been the wise intellectuals of the capital who first revived their names and also took the initiative to awaken a sense of respect in the minds of the young generation. In any case, the people delighted. Consequently, with the decision of the Almatī City Executive Committee from now on these streets will have the following name changes:

Communism Avenue	Abilayxan Avenue
Komsomol Street	Töle biy Street
Soviet Street	Qazıbek biy Street
October Street	Ayteke biy Street
Kalinin Street	Qabanbay Street
Pravda Street	İbiray Altınsarin Street
Kirov Street	Bögenbay Street
Mir Street	Jeltoqsan Street
Dzerjinskiy Street	Šapıraštı Naurızbay Street

If you travel to Almatī, you should remember these names. Also please keep in mind, this is just the beginning. According to Keñesarı Qaptağayev, the leading expert of the International Relations Department at the Almatī City Executive Committee, up to 150-200 street names are scheduled to be changed in the near future. In this matter, he expects letters from you informing him of your suggestions and wishes. You can send them to the Almatī City Executive Committee.

(From our correspondent.)

[*Jas Alaš*, November 15, 1991, p. 1.]

БАЙЛЫҒЫМЫЗ ОСЫЛАЙ КЕТЕ БЕРЕ МЕ?

Жолымыз түсіп Талдықорған облысы, Жаркент ауданындағы Пенжим аулына бет алып келе жаттық. Бұл ауыл Қытай шекарасына тым жақын орналасқан. Пенжимге жақындаған сайын бізге қарама-қарсы Қытайдың қантын ыңыранта тиеген машиналар жиі кездесіп отырды. Керісінше темір тиеген осындай алып машиналардың шекара жаққа жол тартып бара жатқанын да көрдік.

Аталған ауылға келгеннен кейін сол ауылдың іргесінде орналасқан кеденде істейтін жігіттермен жолықтық. Оларға жолда көрген, көңілге күдік ұялатқан жайларды айттық.

--Қазыр өздеріңіздер білесіздер,-- деді олар,-- қытайлар елімізге, әсіресе біздің облысымызға көп келіп жатыр. Олардың басты мақсаты-- Қазақстанға түпкілікті орналасу. Бұл--бір көңіл қынжыл- татын нәрсе. Енді өздеріңіз шет жағасын көрген жайдің мәнісін айтайық. Қазіргі кезде Қытаймен екі арада сауда-саттық жанданып жатыр. Қант тиеген машиналар соның бір нәтижесі ғой деп ойлаймыз. Ал Қазақстанның темірі, мысы қазір біздің көз алдымызда Қытайға кетіп жатыр. Сіз сенесіз бе, сенбейсіз бе, бір күнде үш жүзге жуық әлгіндей жүк тиеген машинаны әрі қарай өткізіп саламыз. Құжаттары дұрыс. Сондықтан оларды бөгеуге біздің хұқымыз жоқ...

Рас, Қазақстанда байлық көп. Бірақ жөн-жосықсыз ол байлығымыздың, әсіресе алтынға бергісіз теміріміз бен мысымыздың шетке ағыл-тегіл кетіп жатқаны несі? Оны кімдер жіберіп жатыр? Ел ағалары бұдан хабардар ма? Көңлімізді осындай ойлар алаң қыла береді.

[Ана Тілі, 22-шілде, 1993-жыл. 1-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Пенжим ауылы қай жерде орналасқан?
- 2) Қытайдан келе жатқан машиналардың жүгі қандай?
- 3) Қытайға бара жатқан машиналарға не тиеген?
- 4) Бұл жүктердің сапасы тең бе?
- 5) Темір, мыс тиеген машиналардың күнделікті саны көп пе?
- 6) Бұл машиналарды шекарадан өткізбеуге кедендегілердің хұқы бар ма?
- 7) Әр адамның жадына бірден қандай сұрақтар келеді?

Vocabulary:

бай	rich; wealthy
байлық	wealth; riches; resource
осылай/ осындай	like this
кет-	to leave; to go away
кете бер-	to keep on going away; to disappear (despite an objection)
жол	road; route; journey
жол түс-	to travel (if the opportunity arises); to be lucky
Талдықорған	name of a city and province in Kazakhstan
Жаркент	name of a town and district
Пенжім	name of a village
ауыл	village
аудан	district
бет	face; page; direction
бет ал-	(with dat.) to head for; to take the direction of
қол сұқ-	to steal; to rob; to plunder
қол сұғушы	thief; robber; plunderer
еліміздің байлығына қол	robbers of our country's wealth
сұғушылар	

Translation:**The Forests- Part 2**

The Ili Alatau and its forests are very rich in plant and animal life. Among them are also [varieties] not to be found in other regions. They are our country's wealth, the heart of our economy.

In recent years the reckless exploitation of the richness of the nature surrounding us is rapidly growing in connection with the increase of people who are going up as far as the timberline and building summer cottages there, through the increase of vacationers who walk in the shady forests and woods during the summer months, through the expansion of agriculture and industrial sites and the increase in the number of people settling in the foothills of the Ili Alatau. The illegal takeover of state-owned property by private citizens, the profiting from gathering fruits and berries, and plants with medicinal properties growing in the mountains, the shooting of wild animals and catching them by unlawful means are steadily increasing. For example, in the first half of this year more than 20 illegal hunters were arrested in areas controlled by the Almati State Reservation; and in areas belonging to the Talgar Forestry Enterprise one encountered five incidents of people who had taken possession of land owned by that administration without permission and two times one met people who were illegally cutting trees. One even encounters people are coming illegally from other countries and are robbing our country's wealth.

Орман--үшінші бөлім

Тамыз айында Украинадан келген, өзін Луганск музейінің қызметкерімін деп таныстырған С. деген азамат Қаскелең сайының басынан Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген алты түрге жататын, жалпы саны 336 әсем көбелектерді жинап, қайтар жолында табиғат қорғаушылар қолына түсті. Тексеріп келгенде оның көбелектерді сауда дүниесіне дайындағаны анықталып, 425100 сом айып тағайындалды. Бұл сан коллекционерлер арасында ондаған есе артық ақшаға айналатыны көпшілікке белгілі. Сондықтан еліміздің табиғи байлықтарын ұқыпты пайдаланып оны қорғап сақтайтын уақыт жетті. Бұл үшін табиғат байлықтарын сақтап, көбейтіп оны орынды пайдаланатын мекеме құру қажет. Ол -- ұлттық табиғи бақ.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Украина азаматының жасаған қылмысы не?
- 2) Ол кісіге қандай айып тағайындалды?

Vocabulary:

тамыз айы	month of August
Украина	Ukraine
музей	museum
қызметкер	employee; office worker
азамат	man; citizen
сай	ravine; gorge
Қаскелең сайы	the Qaskelen ravine
кітап	book
қызыл	red
қызыл кітап	red book; the "Red Book" in which endangered plant and animal species are registered
тірке-	to register; to write down in a book
тіркел-	to be registered
алты	six
түр	type; form; species
жат-	to lie down; (with dat.) to belong to; to relate to; to pertain to

әсем	beautiful; delicate
көбелек	butterfly
сан	number; amount
жалпы	total
жалпы сан	total sum
қайт-	to return; to go back
қайтар жол	return path; way back
қайтар жолында	on his way home
қорға-	to protect; to preserve
қорғаушы	protector; guard
табиғат қорғаушы	nature protector; guard in a nature preserve
түс-	(with dat.) to fall into
қолға түс-	to be captured; to be arrested
тексер-	to check; to examine; to investigate; to question
	(in an investigation)
тексеріп келгенде	when investigating (him)
сауда	trade
дүние	world; property
сауда дүниесі	world market; (lit.: trade world)
дайын	ready
дайында-	to prepare; to procure
анық	clear; definite; certain
анықта-	to establish (a fact); to clarify
айып	fault; guilt; fine; penalty
тағайында-	to appoint; to assign
коллекционер	(<Rus.) collector
артық	more
есе	time (as in one time)
он	ten
ондаған	tens
X ондадан есе артық	more than ten times
ақша	money
айнал-	to turn around; (with dat.) to turn into; to change into
көп	many; much
көпшілік	majority; everybody
белгі	sign

белгілі	known; evident
ұқыпты	wise(ly); attentive(ly); frugal(ly)
пайдалан-	(with acc.) to use
сақта-	to protect; to preserve
уақыт жетті	the time has come
орынды	proper(ly); prudent(ly)
құр-	to build; to establish; to create
ұлт	nation; nationality
бақ	fortune; good luck; happiness

Translation:**The Forests-- Part 3**

In August, a man named S., who came from the Ukraine and introduced himself as an employee of the Lugansk Museum, had collected from the upper parts of the Kaskelen, ravine a total of 336 beautiful butterflies belonging to six different species which are registered in the Red Book of Kazakhstan. On his way home he was caught by nature protectors. Upon questioning, it was determined that he had procured the butterflies for sale on the world market. He was fined 425,100 rubles. It is widely known that among collectors this amount [of butterflies] can easily be sold for more than ten times the fine. The time has come, therefore, to protect and to wisely use our country's natural wealth. For this reason, it is necessary to establish an administrative organization which will protect, nurture and prudently use the natural resources. They are our national fortune.

Орман-- төртінші бөлім

1986 жылы Қазақ КСР-інің Ғылым академиясының құлшынысымен Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи бағын құрудың ғылыми негізі жасалған. Үш жыл өткен соң республикамыздың Министрлер Кеңесі Орман шаруашылығы министрлігіне осы ұлттық табиғи бақты құрудың техникалық, экономикалық жоспарын жасауды тапсырды. Бұл жоспар 1989-1990 жылдары «Казгинроград» мекемесінің архитектуралық жоспар жасау шеберханасында құрылды. Жоспарда ұлттық табиғи баққа Шамалған мен Түрген өзендерінің арасын алып жатқан Іле Алатауының сілемдері кіретіні белгіленді. Осы аймақтағы тау құрылымы есепке алынып, болашақ бақтың жер көлемі ландшафттарға, белдеулерге және жеке бөліктерге бөлініп, онда өсетін өсімдіктер мен өмір сүретін жануарлар санына байланысты аталған бөліктер қатаң қорғалатындары және туристер мен демалушыларды қабылдайтындары деп екіге ажыратылған. Туристер мен демалушыларды қабылдайтын бөліктердің рекреациялық сыйымдылығы, онда орналасатын жолдар мен мейманханалардың және көру алаңдарының орны анықталған. Оған жұмсалатын шығынның көлемі белгіленген. Дегенмен, бұл өткен уақыттың есебі.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Ұлттық табиғи бағын құрудың ғылыми негізін кім жасаған?
- 2) Табиғи баққа қандай жерлер алынбақшы?
- 3) Болашақ бақ қайсы бөліктерге бөлінеді?
- 4) Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген жабайы жануарлардың қазіргі хал-жайы қандай?

Vocabulary:

ҒЫЛЫМ	science
Ғылым академиясы	Academy of Sciences
ҒЫЛЫМИ	scientific; scholarly
ҒЫЛЫМИ НЕГИЗ ЖАСА-	to formulate scientific principles
МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ БАҚ	State National Nature Park
ҚҰЛШЫН-	to do something with purpose; to move ahead; to take initiative

құлшыныс	initiative
жаса-	to make; to create; to formulate
жасал-	to be made; to be created
кеңес	council
Министрлер Кеңесі	Council of Ministers; Cabinet
министрлік	ministry
Орман шаруашылығы министрлігі	Ministry of Forestry
техникалық	technical
экономикалық	economical
жоспар	plan
тапсыр-	to assign
Казгинроград	abbr. for: (<Rus.) Казакский Государственный Институт проектирования гостроительства Kazakh State Institute for Urban Planning
мекеме	administration; office
архитектура	(<Rus.) architecture
архитектуралық	architectural
шебер	master; skillful person; craftsman
шеберхана	workshop; bureau
архитектуралық жоспар жасау шеберханасы	bureau of architectural planning
өзен	river
алып жат-	to be located
сілем	range; mountain range
кір-	to enter; to go into; to include
есепке ал-	to take into account; to consider
болашақ	future
ландшафт	(<Germ.) landscape
белдеу	zone
бөл-	to divide
бөлік	section; division; part
жеке бөлік	separate, special section
өмір	life
өмір сүр-	to live
байланысты	(postp. with dat.) according to; in regard to

қатаң	strict(ly)
қорғал-	to be protected
турист	tourist
демалушы	vacationer
қабылда-	to accept
ажыра-	to be separated; to be divided
ажыратыл-	to be divided; to be separated
екіге ажыратыл-	to be divided into two
рекреация	(< Rus.) recreation
рекреациялық	recreational
сыйым	holding capacity
сыйымды	spacious
сыйымдылық	accommodation; facility
рекреациялық сыйымдылық	recreational facility
орын	place
орны	(<орын+ы) its place
орналас-	(<орын) to be located; to be placed
жол	road
мейманхана	hotel
алаң	arena; site; spot
көру алаңы	sightseeing spot
анықтал-	to be defined; to be specified
жұмсал-	to be used; to be spent
көлем	size; volume; extent; amount
шығын	expenses; expenditure
шығынның көлемі	amount of expenditures
дегенмен	however; though
өткен уақыттың есебі	figures of the past; outdated figures

Translation:**The Forests-- Part 4**

Upon the initiative of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, scientific principles were formulated in 1986 for the establishment of an Alatau State National Nature Park. Three years later the Council of Ministers of our Republic assigned the Ministry of Forestry to produce the technical and economical plans for such a national nature park. These plans were drawn up in 1989-1990 in the Kazginrograd Administration's architectural planning bureau. It was determined in the plan that the Ili Alatau mountain range located between the rivers Šamalğan and Türgen will be part of the national park. Taking into account the mountain structure of the region, the future park area was divided into landscapes, zones and special sections. Based on the plants growing and the number of animals living there, the sections were divided into two: strictly protected regions and regions which can accept tourists and vacationers. The recreational facilities in the regions accepting tourists and vacationers and the location of roads, hotels and sightseeing spots to be placed there had been defined. The extent of the expenses which were to be spent for these projects had been specified. However, these are outdated figures [now].

Орман-- бесінші бөлім

Қазіргі нарық экономикасына көшкен жағдайда жасалған жоспар қайта қарауды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда келешек бақтың құрылуын анықтайтын негізгі мәселе қаражатпен қамтамасыз ету. Бұл мәселені шешудің жолы мемлекет қаржысы мен қатар акционерлік және жекеменшікті капиталды пайдалану. Егер аталған жолдармен ұлттық бақты тез арада құратын болсақ, келешекте санаулы жылдар ішінде шыққан шығынды орнына қайтарып, шет елдердегі ұлттық бақ сияқты пайда табуға мүмкіндік туады. Оның айғағы ретінде астана халқы мен елімізге көптеп келіп жатқан шетелдік меймандардың тау табиғатын тамашалап демалу үшін білдіріп жатқан сұрауларын айтуға болады.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Ұлттық табиғи бақтың құрылуын қаражатпен қалай қамтамасыз ету мүмкін?

Vocabulary:

қазір	now
қазіргі	present; current
нарық	market price; value
нарық экономикасы	market economy
көш-	(with dat.) to move to; to transfer to; to change to; to migrate
жағдай	condition; situation
қайта	again
қайта қара-	to look again; to review
қажет ет-	to make it necessary
қажет етады	it is necessary
тұрғы	direction, point
осы тұрғыдан алғанда	starting (lit.: taking) from this point; taking this into consideration
келешек	future
қаражат	resources; funding; capital

қамтамасыз ет-	(with мен, бен, пен) to ensure; to make available (something)
мәселе	question; problem
шеш-	to solve
қаржы	funding; financial resources
мен қатар	together with; alongside; as well
акционер	(< Rus.) shareholder
капитал	(< Rus.) capital
жекеменшікті	private
жекеменшікті капитал	private capital
егер	(conj.) if
тез арада	quickly
шет	edge; border
шет ел	foreign country
шет елдік	(adj.) foreign
сияқты	(postp. with nom.) like
ту-	to be born; to come into existence
мүмкін	possible
мүмкіндік	possibility
мүмкіндік туады	the possibility exists
айғақ	proof; evidence
айғақ ретінде	as proof
келешекте	in the future; next
келешекте санаулы жылдар ішінде	within the next couple of years
орнына қайтар-	to repay (lit.: to return to its place)
шыққан шығынды орнына қайтар-	to repay the outlaid expenditures
халық	people
көптен	many
мейман	guest; visitor
тамаша	wonderful; enjoyable
тамашала-	to enjoy
сұра-	to ask; to request
сұрау	question; request
білдіріп жатқан сұраулар	requests for information (lit.: requests which inform)

Translation:**The Forests-- Part 5**

During the current conditions of changing to a market economy, it is necessary to review the formerly made plans. Taking this into consideration, the main problem which will determine the establishment of the future park is the availability of funding. One way of solving this problem is to make use of state funds as well as of shareholders' and private capital. If we could establish the national park quickly in the ways mentioned, there exists the possibility to repay the outlaid expenditures in the next couple of years and to make a profit, like national parks in foreign countries. As proof of this one can mention the requests for information on the possibilities of taking vacations and enjoying the mountain nature. These requests come from the people of our capital and the many foreign visitors who are coming frequently to our country.

Орман-- алтынші бөлім

Әр түрлі табиғи зоналарды алып жатқан мемлекетімізде қазіргі таңда бар-жоғы бір ғана ұлттық табиғи бақ бар. Ол Баянауыл бағы, оның өзі өз мәнінде көркеймей келеді. Қазіргі уақытта Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығына қарасты Іле орман шаруашылығы бірлестігінің негізінде Алатау ұлттық табиғи бағын құру жөнінде айтарлықтай істер атқарылып жатыр. Атап айтсақ, келешек бақтың жаңа жоспарлары құрылуда, онда қызмет атқаратын кадрлар қабылдануда. Жазылымдарда көрсетілген шетелдік ұлттық бақтың алғы тәжірибелері жинақталуда. Қорыта келгенде, жоғарыда айтылғандардың бәрі Алатау ұлттық табиғи бағын кешеуілдетпей тез құру керек екенін дәлелдей түседі. Бақтың құрылу, құрылмауы туралы соңғы сөз республика парламентінде.

Көптен келе жатқан дәстүр бойынша қыркүйектің үшінші демалысы орман шаруашылығының қызметкерлерінің кәсіптік мейрамы болып аталынады. Осыны пайдалана отырып, орман шаруашылығының барлық қызметкерлерін кәсіптік мейрамымен құттықтап, дендерінің сау болуына, орасан еңбектерінде зор табыстарға жетуіне тілек білдіреміз.

Жеңіс МЫРЗАБЕКОВ,
Іле орман шаруашылығы
бірлестігі Бас директорының
ғылым жөніндегі орынбасары,
биология ғылымдарының кандидаты.

Озат БАТАНАЕВ,
ғылыми зерттеу лабораториясының меңгерушісі,
биология ғылымдарының
кандидаты.

[Жас Алаш, 18 қыркүйек, 1993 жыл, 1-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақстанның бір ғана ұлттық бағының қазіргі жағдайы қандай?
- 2) Алатау ұлттық табиғи бағын құру жөнінде қандай істер атқарылып жатыр?
- 2) Жақын келешекте қандай мәселелерді шешу керек?

Vocabulary:

әр	every
әр түрлі	every kind
зона	(<Rus.) zone
таң	dawn; early morning
қазіргі таңда	now; right now
бар-жоғы	all; total
ғана	only
мән	meaning; sense
өз мәнінде	in its true sense; actually; truly
көркей-	to become pretty; to be attractive
биоресурс	(<Rus.) bioresource
экология	(<Rus.) ecology
Экология және биоресурстар	Ministry of Ecology and Bioresources
министрлиги	
бірлестік	association; union
айтарлықтай	as mentioned; as outlined
атап айтсақ	that is to say:
кадр	(<Rus.) staff; cadre
жазылым	written document
көрсет-	to show
көрсетіл-	to be shown; to appear
алғы тәжірибе	valuable experience (lit.: advanced experience)
шетелдік	foreign
жинақ	collection
жинақта-	to collect; to gather
қорыт-	to sum up; to conclude

қорыта келгенде	in conclusion (lit.: when summing up)
жоғары	above
бәрі	all
кешеуіл	late
кешеуілдет-	to cause to be late; to delay; to postpone
делелде-	to prove
түс-	to fall
делелдей түс-	to prove immediately
туралы	(postp. with nom.) about; on
соңғы	last
парламент	parliament
дәстүр	tradition; custom
көптен келе жатқан дәстүр	old tradition
бойынша	(postp. with nom.) according to
қыркүйек	September
демалыс	rest; vacation; Sunday
мейрам	holiday
кәсіп	profession
кәсіптік	professional
аталын-	to be named; to be designated
барлық	all
құттықта-	to congratulate
ден	body
сау	healthy
орасан	many
еңбек	labor; work; effort; endeavor
зор	great
табыс	success
тіле-	to wish
тілек	wish
бас директоры	chief director
орынбасар	deputy
зертте-	to research
зерттеу	research
меңгеруші	manager; chief
лаборатория	(<Rus.) laboratory

Translation:**The Forests-- Part 6**

Right now in our country, which includes different nature zones, only one national park exists. It is the Bayanauli Park. Actually, the park itself is becoming unattractive. At the present time, the work we outlined in regard to the establishment of the Alatau National Nature Park is basically being carried out by the Association of the Ili Forestry, which answers to the Forestry Department of the Ministry of Ecology and Bioresources. That is to say, new plans for the future park are being designed, and staff is being hired to carry them out. The advanced experiences of foreign national parks which appeared in written documentation are being collected. To summarize, all that has been said above proves that it is necessary to establish the Alatau National Nature Park quickly and without delay. The last word whether the park will be established or not is with the Parliament of the Republic.

According to an old tradition, the third Sunday of the month of September has been designated as the professional holiday of the forestry employees. Taking advantage of this occasion, we are congratulating all forestry employees on their professional holiday and express our wishes for their good health and for the achievement of great successes in their many endeavors.

Jengiz Mirzabekov,
Deputy Head for Research, Ili Forestry Association
Candidate of Biological Sciences

Ozat Baytanov,
Chief of the Scientific Research Laboratory,
Candidate of Biological Sciences

[*Jas Alaš*, September 18, 1993, p. 1]

ҚЫРЫҚЫ ДА КЕЛІП ҚАЛЫПТЫ-АУ!



Халқы құрмет тұтып «Димаш» деп атап кеткен ел қадірлісі Димекеңнің дүниеден қайтып, арамыздан алыс сапарға аттанып кеткеніне де қырық күнге таяп қалыпты. Осы аралықта марқұмның туған-туысқандарымен қосыла барша қазақ жұрты аза тұтып, қазаның артын күтуде. Бұл ел ағасына деген туған халқының қимас сезімін білдіретін көрініс десек қателеспеспіз.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Дімекеңнің дүниеден қайтқанына қанша уақыт болып қалыпты?
- 2) Кімдер қазаның артын күтуде?

Vocabulary:

қырық	a religious ceremony to be held forty days after some one's death (lit.: forty)
қырықы да келіп қалыпты-ау	alas, his "Fortieth" has also come now
ел қадірлісі	the esteemed of the people
құрмет тұт-	to hold in regard; to respect
атап кет-	to call; to name with an intense purpose; to call affectionately
алыс сапар	faraway travel
алыс сапарға аттанып кет-	to set off for a long trip; to depart from this world; to die
дүниеден қайт-	to return from this world; to die
тая-	(with dat.) to be close to; to approach
осы аралықта	in the meantime; from that day on

марқұм	deceased
туған-туысқандар	all relatives; friends and relatives
қосыл-	(with postp. мен) to join with
қазақ жұрты	Kazakh people
аза тұт-	to mourn
қаза	misfortune; loss; death
қазаның артын күт-	to pay respect for a deceased
ел ағасы	leader of the people; respected elder of the people
сезім	feeling
қи-	to spare
қимас	boundless; deep
қимас сезім	deep feeling
көрініс	display; manifestation
қате	error; mistake
қателес-	to make a mistake

Translation:**Alas, His "Fortieth" Has Also Come Now!**

Soon it will be 40 days since Dimeken, the esteemed of the people, whom they respected and affectionately called "Dimaš" has left this world and departed from among us. From that day on all the Kazakh people, joining the deceased's relatives and friends, have been mourning and paying their respect. We cannot be mistaken when we state that this is a manifestation which expresses the deep feelings of his native people for someone they called "elder of the people".

Өмір мәңгілік емес, адам баласының істеген ісі, артына қалдырып кеткен ізі мәңгілік. Олай дейтін болсақ, талай жыл ел басқарып, тағдыры қыл көпірдің үстінде тұрғандай кездерде халқын терең құзға құлап кетуден қорғап, бүгінгі арайлы таңға қолынан жетектеп алып келген ірі мемлекет және қоғам қайраткерінің есімі жұрт жадынан ешқашан өшпейді деп батыл айтуымызға әбден болады. Ақ басты Алатаудың биік бітімін алыстап барып байқауға болатыны секілді оның бар болмысы күн өткен сайын асқақтай түсетініне күмән келтірмейміз.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Не деп батыл айтуға әбден болады?

Vocabulary:

мәңгі	eternal; eternally
мәңгілік	eternity; eternal
із	trace; impact
артынан қалдырып кеткен із	the trace left behind
олай дейтін болсақ	having said this (lit.: if we say this)
талай	many
басқар-	to govern
тағдыр	fate
қыл	hair
қыл көпір	hair-thin bridge which the souls of the departed have to cross on the day of judgment
қыл көпірдің үстінде тұр-	to be in a very dangerous situation (lit.: to stand on the hair-thin bridge at the day of judgment)
терең	deep
құз	gorge
құла-	to tumble down
қорға-	(with abl.) to protect from; to save from
арай	beam; light

арайлы	bright
арайлы таң	bright dawn
жетекте-	to lead
ірі	great
ірі мемлекет қайраткері	great statesman
қоғам қайреткері	public servant
есім	name
жад	memory
өш-	to cease to exist; to vanish
батыл	brave; courageous; resolute(ly)
эбден	perfect (ly); complete (ly); very; only
эбден болады	it is only appropriate
ақ басты	snow-capped (lit.: with a white head)
ақ басты АлаТау	the snow-capped Alatau
биік	tall
бітім	shape; structure
алыс	distance
алыстап	(adv.) further away
байқа-	to note; to observe; to appreciate
секілді	(postp. with nom.) like; resembling
болмыс	being; existence; life
бар болмыс	whole life
күн өткен сайын	with every passing day
асқақ	high
асқақта-	to be carried high up; to be raised up
асқақтай түс-	to be quickly raised in esteem
күмән	doubt
күмән келтір-	to carry doubt; to doubt

Translation:

Life is not eternal. Only the work a human being has accomplished and the impact he leaves behind are eternal. Having said this, it is only appropriate to resolutely state that the name of the great statesman and public servant who for many years has governed the country and protected the people from tumbling down into a deep gorge, when their fate was in severe danger, and who lead them by his hands into today's bright dawn, will never vanish from the memory of the people. We have no doubt that with every passing day his whole life will quickly be raised in esteem like the snow-capped Alatau whose tall shape can only be appreciated from a distance.

Бүгін бірқатар басылымдар Димекеңнің сан тарау өмір жолдарынан сыр шерткен, оның ұшы қиырсыз еңбегіне баға берген мақалалар жариялап үлгерді. Бәлкім ол дұрыс та шығар. Сөйтсе де, бұл бүгіннің еншісіндегі емес, болашақ ұрпақтың қала берді тарих деп аталатын көнекөз қарияның қанжығасындағы олжа екендігін де ойланған артық болмас. Атам заманнан қалыптасқан табиғи заңдылық соны айтады.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1) Бүгін бір қатар басылымдар қандай мақалаларды жариялап үлгерді?

Vocabulary:

басылым	publication; publisher
өмір жолы	course of life; life
тарау	part; section
сан	number
сан тарау	(adj.) many sided
сан тарау өмір	rich life
сыр	secret
шерт-	to strum; to pluck (an instrument)
сыр шерт-	to reveal
қиыр	edge; limit
ұш	tip; point; end
ұшы қиырсыз	limitless; endless
ұшы қиырсыз еңбек	tremendous work
баға бер-	(with dat.) to evaluate something or someone
үлгер-	to try to finish something in a given time; to hurry
жария	open; known
жарияла-	to announce; to publish
сөйтсе де	(conj.) regardless; despite; nevertheless
енші	share in inheritance; inheritance; property
қала берді (берсе)	in other words; otherwise
көнекөз	experienced; wise
қария	elder

қанжыға	strings on the back of a saddle to tie up things necessary for the horseman
олжа	booty; spoils; property
ойлаған артық болмас	it is essential to maintain (lit.: it is not superfluous to think that)
қалыптас-	to be formulated
заң	law
заңды	lawful
заңдылық	lawfulness; legality; law
табиғи заңдылық	natural law
атам заманнан	from the beginning of time; from time immemorial

Translation:

Today some publishers hurry to publish articles evaluating Dimeken's tremendous work and to reveal secrets of his rich life. Perhaps this will turn out to be all right. Nevertheless it is essential to maintain that this information is not something which belongs to today's generation, but it is the property of the future generation which is tied to the saddles of our wise elders who otherwise are also called "history". The natural law formulated from the beginning of time states just that.

Арамызда жер басып жүрген алаш азаматтарының ендігі міндеті қазаның артын күтіп, әруақ алдындағы ақыреттік парызды адал атқаруға саяр. Бұл жағыннан алғанда халық өз борышын толық өтеді. Ел ағасымен қоштасу күні марқұмның мәйіті қойылған астанадағы Абай атындағы опера және балет театры-үйіне жиналған жұрттың ағын-легі соның айғағы. Оларды мұнда ешкім зорлап әкелген жоқ. Сөйтсе де, қайсы бір жиылысқа қан-ша шапқыланса да топталмайтын жиын осы араға ұшы қиырсыз ағылды. Мұны туған халқының, жалпы Қазақстан жұртының Демекеңе деген құрметі мен ыстық ықыласының, оның кенеттен болған опатына өкінішке толы қайғысының көрінісі демеске амалыңыз қалмайды. Өз көзімізбен көрген талайдардың моншақтап төгілген көз жасы да соның бір дәлелі.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Жұрттың Демекеге деген құрметіне қандай дәлелдерді бере аласыздар?

Vocabulary:

жер басып жүр-	to live (lit.: to step on the earth)
алаш	name of a legendary Khan of the Kazakhs; Kazakh
азамат	citizen; brave son or daughter of the Kazakhs
ендігі міндет	immediate obligation
әруақ	soul of the deceased
парыз	obligation
ақырет	the other world
ақыреттік парыз	religious duties to be performed for the soul of a deceased
адал	faithful(ly)
атқар-	to carry out
сай-	to conclude; to emphasize
саяр	one should emphasize
бұл жағыннан алғанда	in this regard
борыш	obligation
борышын өте-	to satisfy one's obligation

ТОЛЫҚ	full; fully
қоштасу күні	the day of saying good-bye to a deceased person before the funeral
мәйіт	corpse
Абай атындағы опера және балет театры	Abay Opera and Ballet Theater
лек-лек	in groups; in a large numbers
ағын	flow
ағын-лек	masses (people)
айғақ	evidence; proof
зорла-	to force
зорлап	by force; forcefully
әкел-	to bring
сөйтсе де	(conj.) on the contrary; but
жиылыс	meeting
шапқылан-	to be rushed; to be urged
топта-	to assemble
топтал-	to be assembled
жыин	crowd
ақ-	to flow
ағыл-	to flood
ықлас	concern; attention
ыстық ықлас	warm feeling
кенеттен	unexpectedly
опат	death
өкініш	regret; sorrow
өкінішке толы	full of regret
амал	solution; way out
амалыңыз қалмайды	you will have no choice
талай	many
моншақ	pearl
моншақта-	to drop down pearls; to pour down tears as big as pearls
төгіл-	to pour out
дәлел	evidence; proof; sign

Translation:

One should emphasize that the immediate obligation of the daughters and sons of the Kazakhs who are alive among us, is to pay respect to the deceased and to faithfully carry out the religious duties before the soul of the deceased. In this regard the people fully took care of their responsibilities. This was proven by the masses of people who gathered in our city in the building of the Abay Opera and Ballet Theater where the body of the deceased had been placed on the day of "saying good-bye" to their respected elder. Nobody had brought them there by force. On the contrary, the crowds who usually would not gather no matter how much they were urged to attend a meeting, flooded into that place in endless streams. One has no choice but to state that this is a manifestation of respect and warm feelings for Demeken, expressed by his own people and all the people of Kazakhstan, and of their grief, filled with regret for his untimely death. The tears, we saw with our own eyes, pouring down like pearl drops, are also signs of this manifestation.

Бір өкініштісі, халықтың еңсесі түсіп, алыс-жақын ағайын-туыстар Қазақстан жұртының үлкен қайғысына көңіл айтып, қайғысын бөлісіп жатқан уақытта тым болмағанда бір тәулік мемлекеттік жалауымызды төмен түсіріп, республикамызда қаралы күн жарияланбағаны ол қылық болғанын жасыра алмаймыз. Мұны бұл дүниеден өткен Демекең үшін емес, артында қалған жұрты, болашақ ұрпақтары үшін қолға алған ауадай қажет-ақ еді.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1) Бір өкініштісі не?

Vocabulary:

өкінішті	regrettable; regret; disappointment
еңсе	whole body; whole being
еңсесі түс-	to be sad; to grieve
алыс-жақын ағайын- туыстар	distant and close relatives; people
көңіл айт-	to console; to express condolence upon some body's death
бөліс-	to share with each other; to participate
тым болмағанда/болмаса	if nothing else; at least; not even
тәулік	time of 24 hours
жалау	flag
жалауны төмен түсір-	to lower the flag
қаралық күн	day of mourning
қылық	deed; action; behavior
жасыр-	to hide
жасыра алмаймыз	we can not hide (disappointment)
қолға ал-	to attend; to undertake
қажет	necessity; need
болашақ	future
болашақ ұрпақ	future generation
ауадай қажет	utmost necessity; most-felt need (lit.: a necessity like air)
қайғы	pain; grief; mourning
үлкен қайғы	great pain; great loss

Translation:

But there was one disappointment. When the people were grieving, and were expressing their condolences for the great loss of the people of Kazakhstan, when all participated in the mourning, our state flags were not lowered, not even for twenty four hours and no official day of mourning was announced. We can not hide our disapproval of this behavior. An official display of mourning was the most-felt need which one should have attended to, not for the sake of Demeken who had passed away, but for the people left behind and the future generation.

Өйткені бұл, бір жағынан, егемен елдің еңсесін көтеріп, тәуелсіздік тізгінінің шын мәнінде өз қолымызға іліккендігін тағы да бір дәлелдеп берсе, екінші жағынан, астанамызда ашыл-ып жатқан шетел елшіліктерінің алдында республика абыройын арттыра түспес пе еді. Оның үстіне, халқымыздың салт-санасы бойынша, өлім-жітім ағайын арасындағы араздық отын өшіріп, бірін-бірімен араластырып жіберуге себепші болатыны бар емес пе еді. Атадан қалған сол жақсы дәстүр осы жолы ұмытылып қалғанын жасыра алмаймыз.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Атадан қалдан қайсы дәстүр ұмытылып қалғанын жасыра алмайды?

Vocabulary:

өйткені	(conj.) because
еңсе	spirit; mood
бір жағынан	on the one hand
екінші жағынан	on the other (second) hand
егемен	independence
тәуелсіздік	independence
тізгін	rein
шын мәнінде	in the true sense; truly; indeed
ілік-	to hold
дәлел	proof; evidence
дәлелде-	to prove
дәлелдеп бер-	to prove for others
шетел елшіліктері	foreign embassies
шетел елшіліктері алдында	in the face of (in front) of the foreign embassies
аброй	honor; prestige
арттыр-	to increase
арттыра түс-	to increase immediately
сана	thought; meaning; mind
салт	customs; traditions
салт-сана	customs; traditions

жіт-	to die; to vanish
жітім	death
өлім	death
өлім-жітім	death
ағайын	relative; people
араз	quarrelsome
араздық	quarrel; animosity
араздық оты	fire of animosity
араластыр-	to cause to merge; to bring together
себепші бол-	(with dat.) to be the reason for; to be the cause of
осы жолы	this time
ұмыт-	to forget
ұмытылып қал-	to be completely forgotten

Translation:

This would have, on the one hand, lifted the spirit of the independent country and would also have proven that we have indeed taken into our own hands the reins of independence; on the other hand, it would have immediately increased the prestige of our republic in the face of the foreign embassies which are being opened in our capital. Besides, according to the traditions of our people, is it not death that extinguishes the fire of animosity among the people? Is not death the reason that causes us to unite with each other? We cannot hide our disappointment that this time our good traditions which have come down to us from our fathers had been completely forgotten.

Сөйтсе де, халық даналығынан айнымады. Марқұмның мәйіті туыстары жерлеген қала сыртындағы зиратқа қарай алынып жүрілгенде жол бойы пәтерлердің терезедеріне ілінген қаралы жалаушалардың жиі ұшырасуы ол қылықтың орнын толтырып тұрғандай сыңай байқатты. Мұны да қала тұрғындары ешкімнің тапсырмансыз, жүрек қалауларымен жасағандығына ешкім күмән келтірмес. Бұл да болса, халық қадірлісіне деген ел құрметінің бір белгісіндей әсер қалдырғаны баршаға аян..

Бүгінде Демекең арамызда жоқ. Алайда оның өміршең рухы, артында қалдырған мол мұрасы халқымен бірге мәңгілік жасай беретініне ешқандай шүбә келтірмейміз.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, қадірлі ел ағасы!

Редакция ұжымы.

[Қазақ Үні (айлық басылым) 1993-жыл, қыркүйек, 1-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қала тұрғындары не істеді?
- 2) Бүгінде Демекең арамызда жоқ болса да, оның несі халқымен бірге мәңгілік жасай береді?

Vocabulary:

сөйтсе де	however; nevertheless
дана	wise
даналық	wisdom; common sense
айны-	(with abl.) to retreat; to back away
жерле-	to bury
зират	tomb; grave; burial place
туыс	close relative
қарай	(postp. with dat.) to; towards
алынып жүріл-	to be carried out
жол бойы	along the road

ілін-	(with dat.) to be hooked onto; to be attached to
қаралы жалауша	small flag with a black ribbon attached as a sign of mourning; flag of mourning
ұшырасу	encounter; sight
толтыр-	to fill up; to replace; to undo
сыңай	(postp. with nom.) like; as
байқат-	to cause to watch; to make aware
тапсыр-	to assign
тапсырма	assignment; duty
тапсырмасыз	without assignment; without an order
қала-	to wish; to desire
жүрек қалауымен	with the desire of their hearts; on their own free will
бүл болса да	in any case
белгі	sign
белгісіндей	as a sign of
әсер қалдыр-	to leave an impression
халық қадірлісі	the one whom the people value
аян	obvious; clear; evident
алайда	(conj.) however; nevertheless
өмір	life
өміршең	(adj.) living; alive
өміршең рух	lively spirit
мұра	legacy; heritage
мол мұрасы	rich legacy
мәңгілік	eternity; eternal
мәңгілік жасай бер-	to continue to live forever
әш қандай	in no way
шүбе	doubt
жайлы	comfortable
жатқан жер	resting place
топырақ	earth; soil; grave
торқа	silk
ұжым	board; committee
редакция ұжымы	editorial board
айлық	monthly
басылым	publication

Translation:

However, the people did not back away from their common sense. When the body of the deceased was carried out to the burial place outside of the city where the deceased's family members are buried, all along the way the frequent sight of people with flags of mourning attached to the windows of their apartments made us aware that the misconduct mentioned above had been undone. No one can doubt that the population of the city had done this of their own free will, without someone's order. In any case, it is evident to everyone that the impression left was that of a manifestation of the people's respect for the one they valued.

Today Demeken is no longer among us. But we do not doubt in any way that his lively spirit, the rich legacy he had left, will continue to live forever among his people.

May your resting place be comfortable,
May your grave be as light as silk,
Dear elder of the people!

Editorial Board

[*Qazaq Üni* (monthly publication)

September 1993, page 1.]

**Ордабасыда Төле би, Қазыбек би,
Әйтеке билерді Еске алу күндері өтуде**

ЫНТЫМАҚТЫ ТУ ЕТІП КӨТЕРГЕН

XVIII ғасырдағы Қазақстанның аса көрнекті мемлекет қайраткерлері, есімдері тарихқа аңыз болып қалған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билерді еске алу күндері басталып кетті. Сәрсенбі күні Ұлттық Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Алматы қалалық әкімшілігінің ұйымдастыруымен атақты билерге арналған конференция өткізілді. Конференцияға премьер-министрдің орынбасары Қуаныш Сұлтанов, Мемлекеттік кеңесші Әбіш Кекілбаев, ҒА вице-президенті Әбділдин, қазақстандық белгілі тарихшылар қатысты.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би деген кісілер кімдер?
- 2) Ол кісілерге арналған конференция қашан, қайда өткізілді?
- 3) Конференцияға кімдер қатысты?

Vocabulary:

Ордабасы	name of a mountain in the vicinity of Shimkent
Төле би	well-known Kazakh biy (1663-1756)
Қазыбек би	Qazibek Keldibekuli, famous Kazakh biy (1667-1764)
Әйтеке би	famous biy of the Kazakhs (1681-1737)
Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билерді Еске алу күндері	Days of Remembering Tölebiy, Qazibek biy and Äjteke biy
ынтымақ	unity; collaboration
көтер-	to raise
ту	standard; banner; flag

ту етіп көтер-	to raise as a banner
ЫНТЫМАҚТЫ ту етіп көтер-	to raise the flag of unity (lit.: to raise the unity up as a banner)
көрнекті	prominent; outstanding
ғасыр	century
аңыз	legend; legendary
тарихқа аңыз болып	to become legendary in history
қал-	
бастал-	to be started; to begin
Еске алу күндері басталып кетті	the Days of Remembrance have begun (and will go on for a short time)
серсенбі күні	Tuesday
Ұлттық ғылым академиясы	National Academy of Sciences
Ғалымдар үйі	House of Scholars
Шоқан Уәлиханов	Šokan Valikhanov, grandson of the last Khan of the Middle Horde, scholar, ethnographer and historian (1835-1865). He served as an officer in the Russian Army
этнология	(<Rus.) ethnology; anthropology
Тарих және этнология институты	Institute of History and Ethnology
әкімшілік	administration
ұйымдастыру	organization
атақты	well-known; distinguished
арнал-	(with dat.) to be dedicated to
премьер-министр	(< Rus.) Prime Minister
орынбасар	deputy
премьер-министрдің орын басары	Deputy Prime Minister
кеңесші	advisor; counselor
ҒА	abbr. for: ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ Academy of Sciences
вице-президент	(< Rus.) vice president
белгілі	well-known
тарихшы	historian
қатыс-	(with. dat.) to participate in

Translation:

**During the Days of Remembering Töle biy,
Qazıbek biy and Äyteke biy at Ordabası**

Those Who Raised the Flag of Unity

The Days of Remembering Töle biy, Qazıbek biy and Äyteke biy, Kazakhstan's outstanding statesmen of the 18 the century whose names have become legendary in history, have begun.

On Tuesday, a conference devoted to the famous biys and organized by the Š. Uälıxanov (Velikhanov) Institute of History and Ethnology and the Almaty City Administration took place in the House of Scholars of the National Academy of Sciences. Deputy Prime Minister Quanış Sұлтанov, State Counselor Äbiš Kekilbaev, Vice President of the Academy of Sciences, Äbdildin, and well-known historians of Kazakhstan participated.

Конференцияны Қуаныш Сұлтанов ашты. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, академик Манаш Қозыбаев сөз сөйлеп, билер дәстүрі мен мұрасын әлі де зерттеу қажеттігіне тоқталды.

Осыдан кейін Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде атқарған қызметтері жайында ғалымдар С. Дәуітов, Х. Арғынбаев, З. Байдосовтар баяндамаларында мазмұндап көрсетті.

Сұрақтарға жауап беріңіздер?

- 1) Конференцияны ашқан кім?
- 2) Академик Мәнат Қозыбаев баяндалмасының мазмұны қандай?
- 3) Ғылыми баяндамалар не туралы болған?

Vocabulary:

сөз сөйле-	to give an address
дәстүр	tradition
билер дәстүрі мен мұрасы	the tradition and legacy of the biys
тоқтал-	to be stopped; (with dat.) to mention
қажетікке тоқталды	he emphasized the need
зертте-	to investigate; to research
осыдан кейін	after that; afterwards
қоғамдық-саяси	(adj.) social-political
қызмет	service; work; contribution
атқарған қызметтері	the contribution which they had made
жайында	(postp. with gen./nom.) about; on
баяндама	report; presentation; lecture
мазмұн	content; substance
мазмұнда-	to state in detail
мазмұндап көрсет-	to show in detail; to give details

Translation:

Quaniš Sūltanov opened the conference. Academician Qozibayev, Director of the Š. Uälixanov Institute of History and Ethnology, addressed [the meeting] and mentioned the need for researching the customs and traditions of the institution of the biys. Afterwards the scholars S. Däuitov, X. Arğınbaev, and Z. Baydosov gave detailed presentations about the contributions which Töle biy, Qazıbek biy and Äyteke biy had made to the social-political life of the Kazakh people.

Орталықтандырылған қазақ мемлекетін құруға, тұңғыш Конституциямыз -- «Жеті жарғыны» қабылдауға атсалысқан мемлекет қайраткерлерінің жұртшылыққа беймәлім болып келген өмірбаян беттерінен де тың деректер айтылды. Солтүстік Ресей патшалығы мен оңтүстік-шығыстан Жоңғар елбасыларының, оңтүстік-батыстан Хиуа, Бұқар хандықтарының жерімізді отарламақ болған жаулық әрекеттерінен қазақ халқын аса терең саясаткерліктерінің арқасында аман сақтап қалған үш қайраткердің бүгінгі ұрпақ алдында еңбектері өлшеусіз.

Сұрақтарда жауап беріңіздер.

- 1) Үш қайраткердің қазақ еліне көрсеткен еңбегі қандай?
- 2) Ол кезде қазақтар үшін қандай қауыпшылық туған еді?
- 3) Үш қайраткер қазақ елін аман сақтауға қалай атсалысты?

Vocabulary:

орталық	center
орталықтандырыл-	to be centralized; to be united
құр-	to build; to establish
тұңғыш	first
жарғы	law
Жеті жарғы	Seven Laws: title of a collection (codex) of Kazakh traditional laws; first constitution of the Kazakhs
атсалыс-/ат салыс	to compete; to struggle; to work hard
жұртшылық	public
беймәлім	unknown
өмірбаян	biography
дерек	fact
тың	untouched
тың дерек	new fact
солтүстік	north; northern
оңтүстік	south; southern
оңтүстік-шығыс	southeast
оңтүстік-батыс	southwest
Жоңғар	Jungar or Kalmuk

елбасы	leader
Хиуа	Khiva
Бұқар	Bukhara
хандық	Khanate
отар	colony
отарла-	to colonize
жау	enemy
жаулық	vicious; aggressive
жаулық әрекет	vicious attack
саясаткер	politician
саясаткерлік	political wisdom
терең саясаткерлік	profound political wisdom
арқасында	(postp. with gen./nom.) by means of; through
аман сақтап қал-	to be saved
өлше-	to measure
өлшеусіз	immeasurable
еңбек	work; contribution

Translation:

They also mentioned new facts unknown to the public, taken from the pages of the biographies of the statesmen who struggled for the establishment of a united Kazakh state and for the acceptance of the *Jeti jarg'i*, our first constitution.

The contributions of the three Kazakh leaders to today's generation are immeasurable. Through their profound political wisdom they saved the Kazakh people from the vicious attacks of the Russian empire in the north, the leaders of the Jungars in the southeast, and the Khanates of Khiva and Bukhara in the southwest who wanted to colonize our land.

Сол кезіндегі орталықтандырылған мемлекеттің саяси-экономикалық құрылыстарындағы ерекшеліктері жайында Мемлекет және право институты директорының орынбасары, заң ғылымының кандидаты З. Кенжәлиев «Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігі» деген тақырыпта жасаған баяндамасында терең қамтып өтті. Бір айтып өтетін жағдай, үш ұлы қайреткердің мемлекетті билеу әдістері, елшілік жұмыстағы миссиялары, саяси қызметтері жайында зерттелмеген дүниелер көп. Тіпті олардың толық жүйеленген өмірбаяндарын құрастыру күн тәртібінде тұр. Осыған қазақстандық ғалымдардың бел шешіп кірісулері қажет. Үш биді еске алу күндеріне арналып өткізілген конференция сол күрделі жұмыстың бастауы болар деп күтеміз.

**Баянды Сәрсембина,
«Жас алаштың», арнаулы тілшісі.**

[Жас алаш, 1993-жыл, маусым, 1-бет]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) З. Кенжәлиев баяндамасының тақырыбы қандай?
- 2) Бұл баяндама не жайында еді?
- 3) Қазақстандық ғалымдардың алдында әлі зерттелмеген қандай мәселелер бар?

Vocabulary:

саяси-экономикалық	political-economic
құрылыс	construction; structure
ерекше	especial
ерекшелік	peculiarity
право	(<Rus.) law
заң	law
заң ғылымы	science of law
қоғам	society
көшпелі	nomadic
көшпелі қазақ қоғамы	nomadic Kazakh society
биле-	to rule; to govern

билік	rule; administration
сот	court; trial
сот билігі	court procedures
тақырып	theme; topic; subject
терең	deep; thoroughly
қамты-	to take hold of something completely
қамтып өт-	to discuss at length
айтып өт-	to mention
бір айтып өтетін жағдай	a matter to be mentioned
әдіс	skill
миссия	(< Rus.) mission
елшілік	embassy; diplomacy; diplomatic
елшілік жұмыстағы миссия	diplomatic mission
зерттел-	to be investigated
дүние	property; source material for research
толық	completely; fully
жүйе	system; order
жүйелен-	to be done systematically
құрас-	to work together
құрастыр-	to compile; to assemble
тәртіп	order; agenda
күн тәртібінде	agenda of the day
қазақстандық	(adj.) belonging to Kazakhstan
кіріс-	to start
бел шеш-	(with.dat.) to be ready to do something
осыған бел шешіп кіріс-	to be ready to start this
күрделі	complicated; difficult
күрделі жұмыс	difficult task
күт-	to expect; to wait
арнаулы	special

Translation:

In his lecture on "Court Procedures in the Kazakh Nomadic Society," the Deputy Director of the State and Law Institute, Z. Kenjāliyev, Candidate of Law, thoroughly discussed the peculiarities of the political and economical structure of the unified Kazakh state during that time. One matter to be mentioned here is that the source materials, which have not yet been investigated, regarding the skills of the three great statesmen in governing the country, their diplomatic missions and their political activities, are extensive. Also, compiling their biographies in a complete and systematic way is the agenda of the day. Kazakhstan's scholars should be ready to start the research. We hope that the conference devoted to the Days of Remembering the Three Biys will be the beginning of this difficult task.

Bayandī Sarsembina
Special Correspondent of *Jas Alaš*
[*Jas Alaš*, May, 1993, p. 1]

Нұрсұлтан Назарбаев

ӘДЕЛЕТТІҢ АҚ ЖОЛЫ

Бірінші тараудан:

Қара нанның дәмі

Қысқасы, мен Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне түсуге бел байладым. Бұл жолы әкем бұл ниетімді бірден қолдай кетті. Байқауымша, ол да химияландыру туралы әңгімелер мен радио хабарларын көп естіген болуы керек. Оның үстіне жазу жаза білмесе де, газет оқуды сүйетін. Ауылда бірінші болып радио сатып алғанымызды да айта кеткен мақұл. Бұл өзі ұмытпасам, 1954 жылы Алматы базарына барған бір сапарымызда болған сияқты еді. Тап қазіргідей есімде -- жәшік «Москвич» деп аталады екен. Бастапқыда үйімізден әлгі кереметті көріп, «тірі адамның дауысын» есту үшін біздің Подгорная көшесіндегілердің түгел жиналып келіп жүргені әлі есімде.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Жас Нұрсұлтанның ниетін қолдағанда, Нұрсұлтан әкесінің қандай үміті болған деп ойлайсыз?
- 2) Радио сатып алғандардың бірінші қатарында болу нені дәлелдеп тұр?

Vocabulary:

әделет	justice
ақ жол	white road; successful road
тарау	chapter
қара нан	black bread; ordinary bread
дәм	taste
түс-	(with dat.) to enter (university)
бел байла-	(with dat.) to be determined to
бұл жолы	this time
бірден	at once; immediately
қолда-	to support
ниет	intention

байқа-	to watch; to observe
байқауымша	as I suspect
химия	(< Rus.) chemistry
химияландыр-	to develop the chemical industry
әңгіме	story; discussion
көп естіген болса керек	he must have heard a lot
оның үстіне	besides
мақұл	right; appropriate
айта кеткен мақұл	it is appropriate to mention here
ұмыт-	to forget
ұмытпасам	if I am not mistaken
сапар	trip; journey
болған сияқты еді	it must have been
тап	exactly; just
жәшік	box
бастапқыда	for the first time
әлгі	such a; this kind
керемет	miracle
тірі	alive; live
дауыс	voice
Подгорная көшесі	Podgorny Street
түгел	all; entire

Translation:

Nûrsûltan Nazarbayev

The Successful Road of Justice

From the First Chapter: The Taste of Ordinary Bread

In short, I was determined to enter the Faculty of Chemistry at the Kazakh State University. This time my father immediately supported my intention . I suspect he must have heard many stories and radio news on the development of the chemical industry. Besides, even if he did not know how to write, he loved to read newspapers. It is appropriate to mention here that we were also the first in the village who had bought a radio. If I am not mistaken, this event must have happened in 1954, when we made a trip to the Almatî bazar. I remember it exactly as if it has happened today -- the box was called "Moskovič". I still remember how the people living on our Podgorny Street all would come together in our home in order to see for the first time such a miracle and to listen to the "voice of a living human being" [coming from a box].

Бәлкім, ҚазМУ-ге түсуге талпынған сәтсіз әрекетімнің тарихын тәптіштеп айтудың керегі де жоқ шығар. Алайда ол тауы шағылған жас жігітті алғаш рет терең ойландырып, оның өмірінде ұзақ жылдар бойы ұмытылмас із қалдырды. Тегі, біздің әулетімізге жақын жамағайын ішінде тіпті бірде-бір жоғары білімді кісі болған емес. Әкем жалғыз сиырымыздың жалғыз өгізшесін сатып, ескіше 2800 сомды қалтама салып бергенін ешқашан ұмытпақ емеспін. Бұның өз шаңырағымыз үшін қандай ауыртпалық болғанын тым жақсы пайымдағандықтан да, мен ол қаржыға ілуде бір аса қажеттілік болмаса, тимеуге тырыстым.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Автор оқуға түсудегі сәтсіз әрекеті туралы не үшін жазып отыр?
- 2) Бұл жанұя үшін жоғары білім алудың еректе маңыздылығын қалай дәлелдеу мүмкін?

Vocabulary:

бәлкім	perhaps; maybe
талпын-	(with dat.) to aspire to; to lead to
сәт	successful
сәтсіз	unsuccessful
әрекет	effort; attempt
тәптіште-	to examine; to investigate
тәптіштеп айт-	to explain in detail
алайда	(conj.) however
тауы шағылды	(idiom.) his hopes have been shattered (lit.: his mountain has been broken)
алғаш рет	for the first time
ойландыр-	to cause to think; to reflect
ұзақ жылдар	for many years; many years
із	trace
тегі	in fact
әулет	family
жамағайын	relative
тіпті	not even
бірде-бір	one by one; a single one

жоғары білімді кісі	a person with higher education
жалғыз	only
сиыр	cow
өгізше	young ox
қалта	pocket
шаңырақ	family
ауыртпалық	hardship
пайым	reason
пайымда-	to realize; to know
қаржы	available money; financial resource
іл-	(with dat.) to rely on; to cling to
қажет	need
қажеттілік	necessity
ти-	to touch
тырыс-	(with dat.) to try to

Translation:

Maybe there might be no need to explain in detail the history of my unsuccessful attempts to enter Kazakh State University. However, they caused the young man, whose hopes had been shattered, to deeply reflect for the first time and they left an unforgettable trace in his life for many years. In fact, there had been no single person with a higher education among the close relatives of our family. I will never forget that my father sold the only small oxen of our only cow and put 2800 rubles (old value) into my pockets. Because I knew too well what kind of hardship it had been for my family, clinging to the money I tried not to spend it, if there was absolutely no need for it.

Өмірде түрлі әделетсіздіктер бар екенін, жұрттың институтқа пара беріп те түсетінін мен әкемнен сол жолы-ақ батасын беріп, сапарға шығарып салар алдында ғана естідім. Жатақхана бөлмесінде алты талапкер абитуриент болдық. Өзімді қосқанда үшеуіміз қатардағы қарапайым ауыл балалары едік, ал өзге үшеуі дәкей бастықтардың балалары екен. Біреуінің әкесі, жаңылмасам, Орал облыстық партия комитетінің хатшысы, екіншісінің әкесі Алматы облысындағы бір аупарткомның хатшысы, үшіншісінің әкесі, кім екені дәл есімде жоқ, ол да бір ірі бастықтың бірі болатын. Біз, ауылдан келгендер, емтиханға күн демей, түн демей, бас көтермей дайындалатынбыз. Керісінше, біздің көршілеріміз күндіз-түні қыдырудан қолдары тимей жүрді, қалай шашса да ақшалары жетіп жатты. Біресе паркке, біресе биге кететін. Дегенмен ол үшеуінің екеуі еш нәрсе де білмейтіні ә дегеннен-ақ байқалып қалды.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Өмірдегі әділетсіздікпен Нұрсұлтан ағай қашан және қалай таныса бастады?
- 2) Қыдырыстың жолуна түскен үш жігіт кімнің арқасында немесе қалай оқуға түсіп кетті?

Vocabulary:

әделетсіздік	injustice
пара	bribe
сол жолы-ақ	exactly at this time
сапар	trip
сапарға шығар-	to set off on a trip; to let travel
сапарға шығарып салар алдында	before he set me out on the road
жатақхана	dormitory
бөлме	room
талап	goal; wish
талапкер	aspiring; hopeful
абитуриент	(< Rus.) abiturient; graduate of a secondary school
өзімді қосқанда	including myself
үшеуіміз	three of us
үшеуіміз қатардағы	the three of us who kept together
қарапайым	ordinary; simple

ауыл балалары	village boys
өзге	other
дөкей	high ranking
бастық	leader
жаңыл-	to err; to be mistaken
ірі	great; high (in rank)
хатшы	secretary
аупартком	Village Party Committee
дәл	exactly; precisely
дайындал-	to prepare oneself
емтиханға күн демей, түн демей	to prepare oneself for an examination without noticing
дайындал-	whether it is day or night
емтиханға бас көтермей	to prepare oneself for an examination without lifting one's
дайындал-	head (from the books)
керісінше	on the other hand
көрші	neighbor; roommate
қыдыр-	to search around; to loaf around
шаш-	to scatter; to spend (money) like wild
біресе... біресе	either ... or
би	dance
қыдыр-	to stroll; to loaf around
қолдары тимей жүр-	(with abl.) unable to stay away from something
дегенмен	(conj.) however
ә дегенен-ақ	immediately
байқал-	to be noted; to be noticeable
байқалып қалды	it became evident

Translation:

After my father had given me his blessing this time and just before he set me out on the road, I learned from him that there are many injustices in life and that people could also enter the institutions by paying bribes. We were six hopeful abiturients in a dormitory room. Including myself, three of us, sticking together, were ordinary village boys. But the other three, as we found out, were the sons of high ranking officials. The father of one of them, if I am not mistaken, was the secretary of the Party Committee of the province of Oral; the father of the second one was the secretary of a Village Party Committee in the Almaty province, the father of the third one, I do not exactly remember who he was, but he too was one of the high officials. We, who had come from the village, would prepare ourselves for the examinations without noticing whether it was day or night, without lifting our heads from the books. Our roommates, on the other hand, they could not stop from loafing around. No matter how much they spent, they always had sufficient money. They would either go to the park or dancing. However, it became immediately evident that two of the three did not know anything.

Бастықтардың «сері» балаларының емтиханды сәтті тапсырып, оқуға түсіп кеткенін айтып жату артық деп ойлаймын. Мені әуелгі негізгі пән емтиханында бір жарым сағат қинады. Бәрібір химиядан бес деген үздік баға алдым. Алайда, басқа сынақтарда емтихан алушылардың алдын-ала кесіп-пішіп қойған ниеті салқынын тигізді. Соның салдарынан оқуға түсу үшін ауадай қажет бір балл жетпей қалды. Қабылдау емтиханында өзімді бір жарым сағат бойы қинап, шын мәнінде тиянақты білімім бар екеніне көзі жеткен химия профессорының шырылдап ара түсуі де қабылдау комиссиясына ықпал ете алған жоқ.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Автордың химияны үздік білгенін немен дәлелдейсіз?
- 2) Химиядан басқа емтихандерде да автордың алған бағасы үздік пе?
Олай болмаса, бұның себебі не?
- 3) “Тас қараңғыдағы жалғыз нұр” боп көрінген кім еді?

Vocabulary:

сері	poet-bard; someone who lives without care
емтихан сәтті тапсыр-	to pass successfully an examination
оқуға түсіп кет-	to easily enter a university; to be easily accepted to study
айтып жат-	to mention
әуелгі	initial; first
әуелгі емтихан	entrance test
негізгі	basic; fundamental
әуелгі негізгі пен емтиханы	entrance test in basic science
қина-	to torment; to give a hard time
бәрібір	all the same; nevertheless
баға	note; grade
үздік	outstanding
үздік баға ал-	to receive an outstanding grade
сына-	to test
сынақ	test; examination
емтихан алушы	one who administers an examination; examiner
ниет	intention

алдын-ала	in advance; beforehand
алдын-ала кесіп-пішіп қойған ниет	preconceived intentions
салқын	cool; coldness; indifference
тигіз-	to touch; to hurt
салдар	result; reason
соның салдарынан	in consequence of this; consequently
ауадай	like air
ауадай қажет	as necessary as air
балл	(< Rus.) grade point
қабылдау емтиханы	entrance examination
қабылдау комиссиясы	admission committee
көз жет-	(with dat.) to be convinced of
білімім бар екеніне көзі жеткен профессор	the professor who had been convinced that I had knowledge
тиянақ	stability; soundness
тиянақты білім	sound knowledge
шырылда-	(onom.) to chirp; to speak pleadingly
ара түс-	to intervene
ықпал	effect; influence
ықпал ет-	to influence

Translation:

I think it is needless to mention that the "carefree" sons of our leaders successfully passed the examination and were easily accepted. For one and a half hour I was given a hard time during the entrance test in basic science. Nevertheless, I received the outstanding grade of "five" in chemistry. However, in the other tests the indifference of the preconceived intentions of the examiners hurt me. Consequently, I was left with one grade point missing, which was as necessary as air in order to be accepted. Although the chemistry professor, who had tormented me for one and a half hours in the entrance examination and had been convinced that I truly had a sound knowledge, pleadingly intervened, he was unable to influence the admission committee.

Содан соң не болғанын есіме түсіргім де келмейді. Әрине, анамның еңірегінде етегі жасқа толды. Бір қиырдағы Киевке итің лақты ма, оның үстіне ұшқыш боламын дейсің! Мен сені ажалыңнан бұрын өлсін деп туыппын ба?! деп отырып алды. Әкем көп еш нәрсе айтпады, тек кешке қалайда үйде болуымды тапсырды. Кешке ауламызға туысқандар жинала бастады, Шамалғанның ақсақалдары келді. Әбіш ешкімді қалдырмапты, ауыл-аймақты түгел шақырыпты. Кеңес басталды.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Кейінгі оқиғалар жас Нұрсұлтанның оқуға түспеуімен байланысы қандай?
Немесе бұл тағы да бір басқа шешімге тіреледі ме?
- 2) Әкесінің кешке үйде бол дегені не боп шықты?

Vocabulary:

еске түсір-	to recall; to be reminded
әрине	of course
еңіре-	to sob; to cry
етек	hem (of skirt); skirt
етегі жасқа толды	she cried a lot (lit.:her skirt filled up with tears)
қиыр	edge; limit
бір қырдағы Киев	faraway Kiev
лақ-	to get lost; to lose one's way
іт	dog
ітің лақты ма?	(idiom.) what stupidity makes you go [there]? [lit.: did your dog get lost (there)?]
ұшқыш	pilot
ажал	designated hour of death
ту-	to bear; to give birth
қалайда	no matter what
тапсыр-	to assign; to order; to tell
туысқан	relatives
аула	courtyard; home
Шамалған	name of a village, located in the district of Qas Kelen, province of Almatı

ақсақал	respected elder
қалдыр-	to leave behind; to leave out
ауыл-аймақ	whole village
кеңес	council; deliberation
кеңес басталды	the deliberation started

Translation:

I do not want to recall what happened after that. Of course, when my mother cried, her skirt filled up with tears. "What nonsense makes you go to faraway Kiev? On top of that, you want to become a pilot! Did I bear you so that you should die before your time!" she kept saying. My father did not say much; he only told me that I should be at home in the evening, no matter what. In the evening our relatives started to gather in our courtyard. The elders of Šamalghan came. It seemed that Äbiš had not left anybody out, he had invited the whole village. The deliberations started.

Сол кезде ауылдастарымнан естіген ащы сөздерді қайталап жатпаймын. Ол сөздердің мән-мағанасы кіндік қаның тамған, туған жердегі нәрлі тамырдан қол үзіп кетуге болмайды, әлпештеп алақанына салып, аялап өсірген атамекеннен алыс кету жарамайды, оның үстіне өз тағдырыңның тізгінін жанашыр адамдардан жасырын ұстағаның жөн емес дегенге сайды... Қанша ренжісем де ештеңе шықпады. Бәлкім мен тап сол кезде өз жерлестеріммен қаны бір тамырлас екенімді тұңғыш рет сезінген де болармын, олар менің өмірім мен қам-қарекетіме немқұрайды бола алмайтынына көз жеткізген де шығармын. Қысқасы, келесі күні жүрегім қан жылап тұрып қабылдау комиссиясынан құжаттарымды қайтып алдым.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Жас Нұрсұлтанның ауылдастары қандай ой-пікірлерін білдірді?
- 2) Бұл кеңестің аяғы неге апарып соқты?

Vocabulary:

ащы	bitter; painful
ауылдас	person from the same village
қайтала-	to repeat
мән-мағана	meaning
кіндік	umbilicus
кіндік қаны	blood of the umbilicus
там-	to drip
нәрлі	nourishing
тамыр	root
қол үз-	(with abl.) to forsake; to abandon
әлпеште-	to take care
алақан	palm of the hand; hand
өсір-	to raise
аяла-	to cherish
атамекен	hometown; fatherland
жарамайды	it is not wise
атамекеннен алыс кету	it is not wise to go far away from the hometown
жарамайды	

жанашыр	concerned; caring; kind
жасырын	secret(ly)
ұста-	to grasp; to take into one's hand
тізгін	rein
тағдыр	fate; destiny
өз тағдырның тізгінін ұста-	to hold the reins of one's destiny
жөн емес	it is not right; it is wrong
сай-	(with dat.) to conclude (with)
ренжі-	to be offended; to be insulted; to be upset
ештеңе шықпады	nothing came out of it; it did not help
жерлес	companion; someone from the same locality
қаны бір тамырлас	a person who shares the same roots and blood
тап	exactly; just
тап сол кезде	at that very moment
тұңғыш рет	for the first time
сезін-	to feel; to sense
қам	concern; worry
қам-қаракет	efforts; aspirations
немқұрайды	indifferent; careless
келесі күні	the next day
жүрек қан жылады	(idiom.) the heart wept blood, i.e. with a weary heart
қайтып ал-	to take back
құжат	document
көз жеткіз-	to learn; to realize
көз жеткізген де шығармын	I probably also realized

Translation:

I am not going to repeat the bitter words that I heard from the people of my village at that time. The meaning of those words were: one cannot abandon and leave the nourishing roots of the home country where the blood of one's umbilicus had dropped. It is not wise to go far away from the homeland which had taken one into its caring hands and had kindly raised one. And they concluded by saying "above all it is wrong that you have taking your destiny into your own hands and kept it a secret from the people who care deeply". No matter how much I was upset, it did not help. Maybe, at that very moment I sensed for the first time that I shared the same roots and blood with the people from my village. I probably also realized that they could never be indifferent about my life and my aspirations. In short, the next day with a weary heart I took back my documents from the admission committee.

Жас оқырманның баз біріне менің бұл әрекетім жасықтық болып көрінері сөзсіз. Несі бар, қазіргі жас жігіттер мен қыздар шешім қабылдауға келгенде ол кездегі бізге қарағанда әлдеқайда тәуелсіз екені рас қой. Принципінде бұл жақсы да. Бірақ, ашығын айтсам, қазіргі жастардың еркіндігі, дербестігі көбінесе олардың іс-әрекеттеріне деген жауапкершілігіне сәйкес келе бермейтінін жиі байқап жүрмін. Көбінесе имандылық қасиетті таңдауға, жасалатын іс-әрекетке имандылық тұрғысынан баға беруге келгенде жастардың өзімшілдігі басым соғады. Әлбетте, ол кезде менің де өз айтқанымда тұрып алуыма болатын еді. Оның үстіне, қайтсең де бармайсың деп үзілді-кесілді тыйым салған да ешкім болған жоқ-тын. Алайда, үлкенге ізет білдіру, біздің тәрбиеміздің алтын тіні болатын және де ата-ананың ақ батасынсыз қандай іске болса да кірісу тіпті ақылға қонбайтын нәрсе еді.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Нұрсұлтан өзінің шешімі туралы ойлағанда, оны бүгінгі жастардың еркіндігімен салыстырғанда, қандай айырмашылыққа назар аударады?

Vocabulary:

оқырман	reader
баз бірі	someone
әрекет	action; conduct
жасықтық	indecisiveness
сөзсіз	silent; without question
несі бар	be that as it may
шешім	decision
шешім қабылда-	to make decisions
әлдеқайда	somehow
тәуелсіз	independent
рас қой	it is true
принцип	(< Rus.) principle
принципінде	in principal
ашығын айтсам	if I say the truth; to tell the truth
еркіндік	freedom
дербестік	independence
іс-әрекет	actions

жауапкершілік	responsibility
сәйкес	(postp. with dat.) according to; in accordance with
жиі	frequently
байқа-	to observe; to notice
көбінесе	mostly; for the most time; frequently
тұрғы	point of view
қасиет	quality; habit; attitude
имандылық	morality; moral
имандылық қасиеті	moral attitudes
имандылық тұрғысынан	from the point of morality
таңда-	to choose; to select
таңдау	choice
баға бер-	(with dat.) to evaluate something or someone
өзімшілік	egoism
басым	major; main
басым соқ-	to become the focal point; to be the major concern
айтқан	what one has said or planned
айтқанында тұрып ал-	to stand [insist] on what one has said
қайтсең (< қай етсең) де	what ever you do
үзілді-кесілді	definitely; categorically
тыйым	restriction
тыйым сал-	to forbid; to ban
ізет	respect
ізет білдір-	to express respect; to respect
тін	warp and woof; threads extending lenthwise and crosswise
алтын тін	golden thread
тәрбие	education; upbringing
ақ бата	blessing
ата-ананың ақ батасынсыз	without the parent's blessing
іске кіріс-	to start work; to undertake something
тіпті	(in a negative sentence) never
қон-	(with dat.) to settle into
ақылға қонбайтын нәрсе	something which would not have entered our minds

Translation:

Without question, for some of the young readers my action might display indecisiveness. However, be that as it may, when today's young boys and girls are about to make decisions, it is true, they are somehow more independent than we were at that age. In principle, this is good. However, to tell the truth, I often observe that the freedom and independence of today's youth frequently does not go along with the responsibility for their actions. Mostly, when it comes to evaluate from a moral point of view, the moral attitudes they are engaged in, the egoism of the young is a major concern. Certainly, at that time it would have been possible to insist on my plans. Besides, there was no one who categorically had forbidden me and had told me whatever you do, don't go. However, to respect the elders was the golden thread of our education and to undertake something, whatever it might be, without the blessings of our parents, was something which never would have entered our minds.

Бұл біздің ұрпақтың бойындағы онша жаман қасиет емес қой деп ойлаймын. Ол біздің қанымызға құртақандай кезімізден бастап сіңген. Әкем: үлкен кісіні көрсең, оны танысаң да, танымасаң да алдымен сәлем бер деп өсиет етуден жалықпайтын. «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем бергенде үлкен кісілердің жүздері жадырап сала беретіні есімде. Бұған жауап ретінде міндетті түрде: «Шырағым кімнің баласысың?» деп сұрар еді. Мынадай да әдет-ғұрып бар болатын. Егер ұзақ уақыт алыс сапарда болып, ауылға қайта оралсаң, өз үйіңе кірерден бұрын сол ауылдың ең жасы үлкен тұрғынына сәлем беріп, батасын алу міндетті еді. Бәлкім, қазір мұның бәрі де біреулерге ұсақ-түйек, елеусіз нәрсе болып көрінер? Бірақ ата-бабалардан қалған мұндай әдет-ғұрыпқа жұртың бәрі қашан да тақ тұратын. Балалары ата дәстүрін сақтаса, оларды әрбір әке мақтаныш тұтатын.

[Нұрсұлтан Назарбаев, *Әделеттің ақ жолы*, Алматы, 1991, 22-25; 27-29- беттері]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақ жастары үлкен кісілерге қандай құрмет көрсетуі дәстүрлі деп саналады?
- 2) Ата-бабалардан қалған әдет-ғұрыпты сақтау неліктен соншама маңызды екен?

Vocabulary:

ұрпақ	generation;
бой	body
қасиет	characteristic; quality; trait; natural habit
біздің ұрпақтың бойындағы қасиет	a habit which was embedded in our generation
онша	so much
құртақандай	tiny; small
құртақандай кезімізден	since our early childhood
сің-	to penetrate; to be absorbed
үлкен	great; oldest
үлкен кісі	elderly person
алдымен	first; at first

өсиет	advice
өсиет ет-	to advise
жалық-	(with dat.) to become bored; to grow tired of something/someone
ассалаумағалейкум	formula of greeting used especially for elders: "Peace be upon you!"
жадыра-	to shine; to brighten
жадырап сала бер-	to brighten up
жауап ретінде	in response
міндет	responsibility; duty; obligation
міндетті	with responsibility
міндетті түрде	obligatory; as a rule; always
міндетті еді	it was obligatory
шырағым	my dear (lit.: my light)
әдет	custom; tradition
ғұрып	custom; tradition
әдет-ғұрып	traditions; customs
ұзақ уақыт	(adv.) for a long time
алыс сапарда бол-	to be on a faraway trip; to be far away
ора-	to turn
орал-	to turn around
қайта орал-	to return
тұрғын	inhabitant; resident
әң жасы үлкен тұрғын	the oldest inhabitant
бата ал-	to receive blessing
біреулер	some; some people
ұсақ-түйек	minor; unimportant
елеу	noticing; observing
елеусіз	unnoticeable; insignificant
жұрттың бәрі	all the people
қашан да	(әр қашан да) always
тақ	precisely
түр-	(with dat.) to stand up for
дәстүр	tradition; custom
мақта-	to praise
мақтан-	to boast

МАҚТАНЫШ
МАҚТАНЫШ ТҮТ-

pride
to be proud

Translation:

I think that it is not such a bad habit which was embedded in our generation. This trait had penetrated our blood since our early childhood. My father never grew tired telling me: "If you see an elderly person, no matter whether you know or do not know him or her, greet him/her first." I still remember how the faces of the elders used to brighten up when I greeted them with "Ассалаумағалейкум!" In response to this, they would always ask: "My dear, whose son are you?" There also used to be this custom. If one had been far away for a long time and returned to the village, it was obligatory to greet first the oldest inhabitant of the village and receive his/her blessing before entering one's own home. Perhaps for some people all of this may seem today unimportant and insignificant. But our people have always stood up precisely for these traditions which have come down to us from our fathers. If the children keep their father's traditions, every father will be proud of them.

[Nûrsûltan Nazarbayev, *The Successful Road of Justice*,
Almatî, 1991, pp. 22-25; pp.27-29]

READER IN KAZAKH CURRENT AFFAIRS

Part IV: Documents

Ilse D. Cirtautas

Department of Near Eastern Languages & Civilization

University of Washington, Seattle, WA

© 1996

(Not for duplication or citation)

ПРЕЗИДЕНТКЕ ХАТ

Мұхит асып жеткен құттықтау

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» бағдарламасына сәйкес Америка Құрама Штаттарының Сиэтл қаласындағы Вашингтон университетінде оқып жатқан бір топ қазақ жастары республикамыздың Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты, сондай-ақ қазақ халқын келе жатқан Жаңа жылмен -- 1995 жылмен құттықтаған жеделхат жолдаған.

Жеделхатқа Алина Алдамбергенова, Талғат Иманғалиев, Майнұр Мысекеева, Бақытжан Нұржанов, Мұрат Оспанов, Ильдар Халитов, Дана Түменова, Айнұр Сәбитова қол қойған. Онда былай деп атап көрсетілген:

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақ жастары кімдерді құттықтап жеделхат жолдаған?
- 2) Қазақ жастары не мақсатпен жеделхат жолдаған?

Vocabulary:

мұхит	ocean
асып	(postp. with nom.) from; beyond; from above
құттықта-	congratulate; to wish well
құттықтау	congratulations; well-wishes
болашақ	future
бағдарлама	program
сәйкес	(postp. with dat.) in accordance with; under
Америка Құрама	United States of America
Штаттары	
сондай-ақ	likewise; at the same time; as well as
Жаңа Жыл	New Year
Жаңа Жылмен құттықта-	to wish well on the occasion of the New Year
жеделхат	express letter
жолда-	to send
қол қой-	to sign
былай деп атап көрсетіл-	to be stated as follows

Translation:

A LETTER TO THE PRESIDENT

Congratulations Arriving from Beyond the Ocean

A group of young Kazakhs, who are studying under the "Bolaşaq" program of the President of the Republic of Kazakhstan at the University of Washington, in the City of Seattle, sent an express letter congratulating Nûrsûltan Äbişûli Nazarbayev, President of our Republic, as well as the Kazakh people on the occasion of the coming New Year of 1995.

The letter has been signed by Alina Aldambergenova, Talğat Imanğaliev, Maynûr Mîsekeeva, Baqıtjan Nûrjanov, Mûrat Ospanov, Ildar Xalitov, Dana Tûmenova and Aynûr Säbitova. In the letter the following is being said:

Құрметті Нұрсұлтан аға!

Қазір Сізді және Сіз арқалы бүкіл қазақ халқын дүние жүзі танып отыр. Бұл жерде біз көптеген пайдалы да қызықты нәрселерді үйреніп жүрміз. Өз халқымыздың адал да асыл ұл-қыздары болуға барынша тырысамыз. Ата-бабаларымыздың «Оқу -- білім бұлағы, білім өнер шырағы» деген даналық сөзі әрқашан есімізде. Біз мұнда өз халқымыздың ізгі дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтап, өз әріптестерімізге кеңінен таныстырып жүрміз. Жуырда Қазақстанның және Қырғызстанның Конституциялық және Жоғарғы соттарының билері келіп кетті. Біз оларды өзіміздің оқып жүрген университетіміздегі оқу және тұрмыс жағдайымызбен жан-жақты таныстырдық.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақ халқын дүние жүзі кім арқалы танып отыр екен?
- 2) Қазақ студенттері қандай нәрселерді үйреніп жүр?
- 3) Олар кім болуға тырысады?
- 4) Ата-бабаларының не деген сөзі әрқашан естерінде?
- 5) Жуырда кімдер келіп кетті?

Vocabulary:

көптеген	many; a great number
пайдалы	useful
қызықты	interesting
адал	devoted; honest
асыл	noble
барынша	by all means; (adv.) hard
тырыс-	(with dat.) to try to
бұлақ	well; source
білім бұлағы	source of knowledge
өнер	art; profession; occupation
өнер шырағы	guide of every occupation (lit.: light of art, profession or occupation)

дана	wise
даналық	wisdom
әрқашан	always
ес	mind
мұнда/бұнда	here
ізгі	sacred; cherished
сақта-	to preserve
әріптес	colleague; fellow student
кеңінен	widely
таныстыр-	(with dat.) to introduce to; (with postp. мен/бен/пен) to acquaint with
жуырда	recently
келип кет-	to visit
сот	court
Жоғары Сот	Supreme Court
би	justice
жағдай	situation; condition
тұрмыс жағдайы	living condition
жан-жақты	thoroughly; in detail

Translation:

Dear Nürsultan aǵa:

Today the world knows you and through you, all the Kazakh people. We are learning here many useful and interesting things. We are trying hard to become noble and devoted sons and daughters of our people. "Studying is the source of knowledge, knowledge guides every profession." These words of wisdom of our forefathers are always on our mind. Here, we are preserving the cherished customs and traditions of our people and are introducing them widely to our fellow students. Recently justices from the Constitutional and Supreme Courts of Kazakhstan and Kirghizstan visited us. We thoroughly acquainted them with the university where we are studying and with our living conditions here.

Нұрсұлтан аға, Сізге үлкен рахмет! Біздің жағдайымыз жақсы. Бізге өзіңізбен бірге әрқашан көңіл бөліп, қамқор анамыз сияқты жанашырлық танытып жүрген профессор Ильза Сиртаутасқа да шексіз алғыс айтамыз. Біз өз елімізден, ата-анамыздан алыста жүрсек те өз халқымызды есімізден екі елі де шығармаймыз, оның сенімді де сүйікті ұл-қыздары болып тұрғанымызға қуанамыз. Құдай қаласа, аман-есен болсақ, қазақ халқын да, Сізді де ұятқа қалдырмаймыз.

Еліміздің болашағы жарқын бола беруі үшін аса дарынды қыз-жігіттеріміздің шетелдерде сапалы білім алуы үшін бұдан былай да жағдай жасай беретініңізге сенеміз, қадырлы Нұр-аға!

«Келе жатқан Жаңа жылыңыз құтты болсын!» деп тағы да айтамыз. Ел-жұртымызбен аман-есен қауысайық».

АҚШ. Сээтл қаласы

10.12.1994 ж

[Егемен Қазақстан, 30- желтоқсан, 1994- жыл, 1- бет.]

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Студенттер кімге шексіз алғыс айтады?
- 2) Профессор Ильза Сиртаутас не істеп жүр екен?
- 2) Олар кімді естерінен екі елі де шығармайды?
- 3) Студенттер Нұрсұлтан ағаның не жасай беретініне сенеді екен?

Vocabulary:

көңіл бөл-	to pay attention
қамқор ана	guardian mother
таныт-	to let know; to show
жанашырлық	great kindness
жанашырлық таныт-	to show kindness
шексіз	endless; profound
елі	length of one finger
екі елі	two finger's length; a very short time
екі елі де	(with negation) not even for one minute

сенімді	trustfully
сүйікті	beloved
құдай қаласа	if God wills; with God's help
ұят	shame
ұятқа қалдыр-	to put to shame
жарқын	bright
аса	very
дарынды	gifted; talented
шетел	foreign country; abroad
сапалы	valuable; of good quality
сапалы білім	valuable education
жағдай жаса-	to create conditions
сен-	(with dat.) to trust (in); to hope in
бұдан былай	like this; similar
қадырлы	respected
қауыс-	(with postp. мен, etc.) to meet with; to join someone

Translation:

Nûrsûltan aġa, we want to thank you very much! Everything is fine here. We are profoundly grateful to you and to Professor Ilse Cirtautas, who together with yourself is always paying attention to us, and like a guardian mother, is showing great kindness to us. Although we are living far away from our own people and our parents, we are not, even for a minute, forgetting our own people. We are happy to live here as trustworthy and beloved sons and daughters of our people. With God's help, if we stay healthy, we will neither put the Kazakh people nor you to shame.

In order that our country's future remains bright, we hope, respected Nûr-aġa, that you will continue to create for our highly gifted girls and boys similar opportunities for obtaining a valuable education abroad.

We again wish you happiness in the coming New Year.
May we join all our people in good health!"

USA, City of Seattle

December 12, 1994

[*Egemen Qazaqstan*, December 30, 1994, p.1]

480021, Алматы Пушкин көш., 118,
тел. 63-26-92, 63-55-86.
№ 60/I-25

480021, г. Алматы, Пушкина., 118,
тел. 63-26-92, 63-55-86.
13 мамыр 1994

Сиэтл қаласындағы Вашингтон университетінің Таяу шығыс тілдері және өркениеті бөлімінің профессоры Илза Сиртаутас ханым сол университет жанындағы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болып сайлансын.

Халықаралық «Қазақ тілі»
қоғамының вице-президенті

Ж. Әбуұлы

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Илза Сиртаутас ханым қайсы бөлімнің профессоры екен?
- 2) Бұл хатта ал кісі болып сайлансын деп жазылған?
- 3) Ж. Әбуұлы деген кісі кім екен?

Vocabulary:

халықаралық	international
қоғам	association
көш	abbr. for: көше /көшесі street
таяу	near
шығыс	east
өркениет	civilization
Таяу шығыс тілдері және өркениеті бөлімі	Department of Near Eastern Languages and Civilization
жанындағы	located at
төрағасы	chair; president
сайлан-	to be elected
вице-президент	vice president

Translation:

International Kazakh Language Association

480021 Almaty

118 Pushkin Street

Tel: 63-26-92; 63-55-86

No 60/I-25

May 13, 1994

Ilse Cirtautas, Professor in the Department of Near Eastern Languages and Civilization, University of Washington, in the City of Seattle, should be elected chair of the Kazakh Language Association's branch at that University.

J. Äbuuli,
Vice President,
International Kazakh Language Association

Сиэтл қаласы

*Башингтон университеті
Таяу шығыс тілдері мен
өркеніеттері факультеті*

Құртметті ИЛЗЕ СИРТАУТАС ханым!

Сіздің хатыңыз бен шығарған Бюллетеніңізді алдық.

Осыған орай Сіздің қазақ пен қырғыз халықтарының кешегі тарихы мен қазіргі кезінің зерттелуге байланысты қызметтеріңізге деген зор ризашылығымды және терең қанағат сезімімді білдіремін. Мұны біздің республиканың қалыптасып, қанаттануына қосылған лайықты үлес деп білемін.

Өзіңізге ақ алғысымызды арнай отырып, алдағы уақытта да бұл ынтымағымыз тереңдеп, нәтижелі бола береді деген үміттемін.

Табыстан табысқа жете беріңіз, деніңізге саулық тілеймін.

Қ. С. СҰЛТАНОВ

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Сұлтанов мырза Бюллетенді алғаннан кейін неге деген зор ризашылығын білдіреді?
- 2) Ол кісі Илза ханымға қандай алғыстарын айтады және не деген үмітте қалады?

Vocabulary:

бюллетень	(<Rus.) bulletin
шығар-	to turn out; to publish
осыған орай	in answering; in replying
кешегі	what belongs to the past; past
қазіргі	what belongs to the present; present; current
кез	time; period
зерттел-	to be researched; to be studied; to be understood
зерттелу	understanding

байланысты	(post. with dat.) in connection with; on; about
қызмет	service; work
риза	pleased; satisfied
ризашылық	satisfaction; gratitude
зор ризашылық	boundless gratitude
терең	deep; profound
тереңде-	to make or become deeper; to intensify
қанағат	satisfaction; pleasure
сезім	feeling
қалыптас-	to form; to take on a particular shape
қанат	wing
қанаттан-	to get wings; to grow up; to flourish; to develop
қосыл-	to be added; to add
үлес	step; share; part; contribution
лайықты	valuable; suitable
лайықты үлес	a valuable contribution
алғыс	gratitude; thankfulness
ақ алғыс	sincere gratitude (lit.: white gratitude)
алдағы уақытта	in the future
арна-	to dedicate; to extend (gratitude)
ынтымақ	collaboration; cooperation
нәтиже	result
нәтижелі	fruitful
табыс	success
табыстан табыс	lots of success; great success
табыстан табысқа жете беріңіз	may you continue to have great success (lit.: go on achieving lots of success)
ден	body
саулық	health
деніңізге саулық тілеймін	I wish you health (lit.: I wish health to your body)

Translation:

City of Seattle,
University of Washington
Department of Near Eastern
Languages and Civilization

Dear Ilse Cirtautas Xanim:

I received your letter together with the *Bulletin* you are publishing.

In answering your letter, I express my boundless gratitude and profound feelings of satisfaction for your work in regard to the understanding of the past and current history of the Kazakh and Kirghiz peoples. After the formation of our republic, I consider your work a valuable contribution (which adds) to the development of our republic.

Extending my sincere gratitude to you, I hope that in the future our cooperation will intensify and continue to be fruitful.

I wish you health and may you continue to have great success.

Q. S. Sultanov
(Deputy Prime Minister, Government
of the Republic of Kazakhstan)

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ**

*Он екінші сайланған Қазақстан Республикасы
Жоғары Кеңесінің тоғызыншы сессиясында
1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданды*

Біз, Қазақстан халқы,
дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі бола отырып,
қазақ мемлекеттілігінің бұлжымастығын негізге ала отырып,
адам құқығы мен бостандығының басымдығын тани отырып,
демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға бекем
бел байлап,
азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, өзіміз үшін және
өз ұрпақтарымыз үшін лайықты өмірді қамтамасыз етуді қалай
отырып,
осы Конституцияны қабылдаймыз және конституциялық
құрылыстың мынадай негіздерін жариялаймыз:

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы қашан қабылданған?

Vocabulary:

сайлан-	to be voted; to be elected
сессия	(<Rus.) session
Жоғары Кеңес	Supreme Council (Parliament)
қаңтар	January
қабылдан-	to be accepted; to be adopted
дүниежүзілік	(adj.) world-wide; universal
қоғам	community; society
демократиялық қоғам	democratic society
қоғамдас	one who is member of the same community
қоғамдастық	state of being a member of the same community

дүниежүзілік қоғамдастық	world community
бөлік	part; fraction
ажырамас бөлік	inseparable part
мемлекеттілік	statehood; state power
бұлжыма-	to remain unchanged
бұлжымастық	inviolability
негізге ал-	to take as a foundation; to rely on
құқық	right(s)
құқықтық	(adj.) lawful
құқықтық мемлекет	law-abiding state
адам құқығы	human rights
бостандық	freedom
адам бостандығы	human freedom
басымдық	preeminence; supremacy
таны-	to know; to recognize
бекем	strong; steady; resolutely; intensely
бел байла-	(with dat.) to decide to do something; to resolve to do something
бекем бел байла-	to be intensely resolved
азамат	citizen
азаматтық	(adj.) citizen's
тату	friendly; peaceful
татулық	peace; friendship; peaceful relation
азаматтық татулық	peaceful relations among citizens
ұлтаралық	international
келісім	agreement; understanding
ұрпақ	future generation; children
өмір	life
лайықты	suitable
лайықты өмір	better life
қамтамасыз ет-	to guarantee; to assure; to promote
құр-	to establish; to build
құрылыс	construction; system
негіз	principle; basis
мындай негіздер	the following principles

жария
жарияла-

public
to make known; to announce; to proclaim

Translation:

The Constitution of the Republic of Kazakhstan

*Adopted on the 28th of January of the year 1993
at the 9th Session of the 12th Parliament of the Republic of Kazakhstan*

We, the people of Kazakhstan,
being an indivisible part of the world community,
relying on the inviolability of the Kazakh statehood,
recognizing the supremacy of human rights and freedom, and while intensely
resolved to create a democratic society and a law-abiding state, and
desiring to promote peaceful relations among all citizens, inter-ethnic understanding
and a better life for ourselves and our children,
adopt this Constitution and proclaim the following principles of the constitutional
system.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС НЕГІЗДЕРІ

- Бірінші.** Қазақстан Республикасы (Қазақстан) -- демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет.
Өзін-өзі билейтін қазақ ұлты мемлекеттілігінің түрі ретінде Қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматының құқық теңдігін қамтамасыз етеді.
- Екінші.** Қазақстан Республикасының жері тұтас, ол бөлінбейді және оған қол сұғуға болмайды.
- Үшінші.** Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырамас құқығын ең қымбат қазына деп таниды және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асырады.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?
- 2) Қазақстан Республикасы кімнің құқық теңдігін қамтамасыз етеді?
- 3) Оған не істеуге болмайды?
- 4) Қазақстан Республикасы адамның өмірін не деп таниды?

Vocabulary:

зиялы	secular
біртұтас	indivisible
биле-	to rule; to govern
өзін-өзін билетін қазақ ұлты	the self-governing Kazakh nation
мемлекеттілік	statehood
мемлекеттілігінің түрі ретінде	represented in the form of its statehood
құқық теңдігі	equal rights
тұтас	whole; undivided; integral
бөлін-	to be divided
сұқ-	to force through; to push through
қол сұқ-	to steal; to plunder; to violate
адам	human being; individual
ажырамас құқық	inalienable rights

ҚЫМБАТ	dear; valuable; high in esteem
ҚАЗЫНА	treasure
ҚЫЗМЕТ	service; activity
МҮДДЕ	interest; expectation; wish
мүдделері үшін	in the interest of
жүзеге асыр-	to carry out; to exercise

Translation:**PRINCIPLES OF THE CONSTITUTIONAL SYSTEM**

- First:** The Republic of Kazakhstan is a democratic, secular and indivisible state. The Republic of Kazakhstan, represented as the statehood of the self-governing Kazakh nation, guarantees equal rights of all its citizens.
- Second:** The territory of the Republic of Kazakhstan is integral, it cannot be divided nor violated.
- Third:** The Republic of Kazakhstan recognizes the individual, his life, freedom and inalienable rights as the most valuable treasure, and carries out its activities in the interests of its citizens and society.

Төртінші. Қазақстан халқы Республика мемлекеттік өкімет билігінің бірден-бір қайнар көзі болып табылады. Халық мемлекеттік өкімет билігін тікелей және өз өкілдері арқылы жүзеге асырады. Мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру құқығын халықтың қандай да бір бөлігі не ұйым, немесе жекеленген адам иемдене алмайды. Қазақстанның бүкіл халқы атынан билік жүргізуге өздерінің конституциялық өкілеттігі шегінде Республика Жоғары Кеңесі мен Президентінің ғана құқы бар.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақстан халқы ненің бірден-бір қайнар көзі болып табылады?
- 2) Жекеленген адам нені иемдене алмайды?
- 3) Қазақстанның бүкіл халқы атынан билік жүргізуге кімдердің ғана құқы бар?

Vocabulary:

өкімет	government
мемлекеттік өкімет	state government
мемлекеттік өкімет билігі	governing authority of the state government; state power
бірден-бір	the only
қайнар	head of a water source; spring
қайнар көз	source
тап-	to find
табыл-	to be found; to be in existence; to be
тікелей	directly
арқылы	(postp. with nom.) by; by means of
ұйым	organization
жекелен-	to become separated; to be separated
жекеленген адам	private person; individual
иемден-	to seize; to take possession
билік	government; power
билік жүргіз-	to govern

бүкіл халқ атынан	in the name of all the people
өкілет	representative
өкілеттік	representation; authorization
конституциялық өкілеттік	constitutional authorization
шек	border
шегінде	within the limitation of

Translation:

Fourth: The people of Kazakhstan are the only source of state power of the republic. The people exercise state power directly and through their own representatives. The right to exercise state power cannot be seized by any part of the people, organization or individual.

Only the Parliament and the President have the right, within the limitation of their constitutional authorization, to govern in the name of all the people of Kazakhstan.

Бесінші. Қазақстан Республикасы Республика Конституциясы мен заңдары ауқымында әрекет ететін қоғамдық бірлестіктердің тең құқылы мүмкіндіктері болуына кепілдік береді.

Қоғамдық бірлестіктердің идеологиясы мемлекеттік идеология орнына жүре алмайды.

Алтыншы. Қазақстан Республикасында мемлекеттік өкімет билігі оны заң шығару, атқару, және сот билігіне бөлу принципіне негізделеді. Соған сәйкес мемлекеттік органдар өз өкілеттігі ауқымында дербес болады, тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып, өзара ықпалдасып іс-әрекет жасайды.

Заң шығарушы конституциялық құрылыс негіздерінің бұлжымастығына сүйенеді. Мемлекеттік өкімет билігі Республика Конституциясы мен заңдары негізінде жүзеге асырады.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақстан Республикасы нелердің тең құқылы мүмкіндіктері болуына кепілдік береді?
- 2) Мемлекеттік өкімет билігі қандай принциптерге негізделеді?
- 3) Соған сәйкес мемлекеттік органдар не істейді?

Vocabulary:

заң	law
ауқымында	within the limits of; within the framework of
әрекет ет-	to act; to operate
тең құқылы мүмкіндіктер	equal legal opportunities
кепіл	guarantee
кепілдік бер-	to guarantee
бірлестік	union; association
қоғамдық бірлестік	public association
идеология	(< Rus.) ideology

мемлекеттік идеология	state ideology
орнына жүре алмайды	it cannot take its place
билік	power
мемлекеттік өкімет билігі	state power
заң шығару билігі	legislative power
атқару билігі	executive power
сот билігі	judicial power
принцип	(<Rus.) principle
бөлу	division
негіздел-	(with dat.) to be based on
сәйкес	(postp. with dat.) in accordance with
орган	(<Rus.) organ; agency; institution
мемлекеттік органдар	state organs
дербес	separate; independent
дербес бол-	to be independent
тепе-тең	perfectly equal
тепе-теңдік	equality; balance
тепе-теңдік жүйесі	system of balance
тежемелік	scrutiny; checking
тежемелік және тепе-теңдік жүйесі	system of checks and balances
ықпал	influence
ықпалдас-	to influence each other
іс-әрекет жаса-	to act; to function
өзара ықпалдасып іс-әрекет жаса-	to interact with each other

Translation:

Fifth: The Republic of Kazakhstan guarantees public associations, operating within the limits of the Constitution and the laws of the Republic, equal legal opportunities.

The ideology of public associations cannot be established as the state ideology.

Sixth: In the Republic of Kazakhstan state power is based on the principle of the division of legislative, executive and judicial powers. In accordance with this principle, the state organs are independent, within the framework of their own authorities, and they interact with each other by using a system of checks and balances.

The legislative power depends on the inviolability of the principles of the constitutional system. The state power is exercised on the basis of the Constitution of the Republic and its laws.

Жетінші. Қазақстан Республикасы Конституциясының ең жоғары заңдық күші бар. Оның тұжырымдары тікелей қолданылады. Конституция ережелеріне қайшы келетін заңдар мен өзге де құжаттардың заңдық күші болмайды.

Сегізінші. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл -- қазақ тілі. Орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып табылады. Мемлекет ұлтаралық қарым-қатынас тілі мен басқа да тілдердің қолданылу аясын сақтауға кепілдік береді, олардың еркін дамуына қамқорлық жасайды.

Мемлекеттік тілді немесе ұлтаралық қарым-қатынас тілін білмегендік себептері бойынша азаматтардың құқығы мен бостандығын шектеуге тыйым салынады.

Тоғызыншы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары -- Елтаңбасы, Жалауы, Гимні бар. Қазақстан Республикасының астанасы -- Алматы қаласы.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Қазақстан Республикасы Конституциясының қандай заңдық күші бар?
- 2) Оның тұжырымдары қалай қолданылады?
- 3) Қазақстанда қазақ тілі қандай тіл және орыс тілі қандай тіл болып табылады?
- 4) Қандай себептер бойынша азаматтардың құқығы мен бостандығын шектеуге тыйым салынады?
- 5) Қазақстан Республикасының елтаңбасын және жалауын суреттеп беріңіз.

Vocabulary:

күш	strength; power
заңдық күші	juridical power; legal authority
тұжырым	conclusion; norm; provision
қолданыл-	to be followed; to be applied; to be used
ереже	rule
қайшы	contradictory
қайшы кел-	to be contradictory; to contradict
құжат	document; decree
ұлттаралық	inter-ethnic
мемлекеттік тіл	state language
қарым-қатынас	relations; communication
ұлттаралық қарым-қатынас тілі	language of inter-ethnic communication
ая	size; volume; range; sphere
даму	development
еркін даму	free development
кепіл	promise; guarantee
кепілдік	promise; guarantee
кепілдік бер-	to guarantee
қамқорлық	patronage
қамқорлық жаса-	(with dat.) to assist in
білмегіндік себептері бойынша	for reasons of not knowing
шекте-	to limit; to restrict
тыйым сал-	to prohibit
нышан	sign; symbol
елтаңба	state seal
жалау	banner; standard; flag
гимн	(<Rus.) hymn; anthem
астана	capital city

Translation:

Seventh: The Constitution of the Republic of Kazakhstan possesses the highest legal authority. Its provisions are to be followed directly. Laws and also other decrees which are contrary to the provisions of the Constitution have no legal power.

Eighth: The Kazakh language is the state language of the Republic of Kazakhstan. The Russian language is the language of inter-ethnic communication. The state guarantees the preservation of the sphere of the use of the language of inter-ethnic communication and other languages, it will assist in their free development.

It is prohibited to restrict the rights and freedoms of the citizens for reasons of not knowing the state language or the language of inter-ethnic communication.

Ninth: The Republic of Kazakhstan has the following state symbols: State seal, flag and anthem.

The capital of the Republic of Kazakhstan is the city of Almatı (Almaty).